

**«Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Шарықты а. о., Теректі а. мекенжайы бойынша орналасқан «Алтай полиметаллы» ЖШС вахталық кентіне арналған буландырғыш-өрістерге су бұратын биологиялық тазарту кешенін салу" жұмыс жобасына, ШРЕТЖ, ҚББ, ТҚІШЖ, ӨЭБ» қоршаған ортаны қорғау бөлімі бойынша өткізілген қоғамдық тыңдаудың хаттамасы.**

1. Аумағында қызмет жүзеге асырылатын немесе аумағына ықпал етілетін әкімшілік-аумақтық бірліктің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың) немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) әкімі аппаратының жергілікті атқарушы органының атауы: Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы Шарықты ауылдық округі әкімінің аппараты.

**2. Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбы:**

- ««Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Шарықты а. о., Теректі а. мекенжайы бойынша орналасқан «Алтай полиметаллы» ЖШС вахталық кентіне арналған буландырғыш-өрістерге су бұратын биологиялық тазарту кешенін салу" жұмыс жобасына қоршаған ортаны қорғау бөлімі;

- Қалдықтарды басқару жоспары;
- Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы;
- Табиғатты қорғау іс-шаралары жоспары;
- Шекті рұқсаи етілген төгінділер жобасы.

*(қаралатын жобалау құжаттардың толық, нақты атауы)*

3. Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар жіберілген қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның және облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органының (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың) немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) әкімі аппаратының атауы:

- Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы.

4. Көзделіп отырған қызметтің орналасатын жері: Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Теректі ауылы, «Алтай полиметаллы» ЖШС вахталық кентіне арналған биологиялық тазарту станциясы учаскесі – 22 га. Географиялық координаталары: 50°01'61,29" с. е. 76°15'84,01" ш. б.

*(көзделіп отырған қызмет учаскесі аумағының толық, нақты мекенжайы, географиялық координаттары)*

5. Көзделіп отырған қызметтің ықтимал әсеріне қатысы бар барлық әкімшілік-аумақтық бірліктердің атауы: Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы Шарықты ауылдық округі әкімінің аппараты.

*(белгіленген көзделіп отырған қызметті жүзеге асыру нәтижесінде аумағына әсер етуі мүмкін және аумағында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізбесі)*

**6. Бастамашының деректемелері және байланыс деректері:** «Алтай полиметаллы» ЖШС. Мекенжайы: Қарағанды қаласы, Қарқаралы ауданы, Шарықты а.о., Теректі а. Қазыбек би к. 13, 2 үй. тел: 8 (702) 5574058; БСН: 050740000965; тел.: +77025574058; Электронды мекенжайы: [info@altaypm.kz](mailto:info@altaypm.kz)

*(оның ішінде нақты атауы, заңды және нақты мекенжайы, БСН, телефондары, факстары, электрондық пошталары, сайттары)*

**7. Ықтимал әсерлер туралы есептерді әзірлеушілердің немесе стратегиялық экологиялық бағалау жөніндегі есептерді дайындау бойынша сырттан тартылған сарапшылардың немесе мемлекеттік экологиялық сараптама объектілерінің құжаттамасын әзірлеушілердің деректемелері мен байланыс деректері:** «Есо Project Company» ЖШС. Ақтөбе қаласы, Астана ауданы, Тургенев көшесі №3В үй; БСН: 200540023731; тел.: +77025574058; Электронды мекенжайы: [esoproject.company@bk.ru](mailto:esoproject.company@bk.ru).

*(оның ішінде нақты атауы, заңды және нақты мекенжайы, БСН, телефондары, факстары, электрондық пошталары, сайттары)*

**8. Қоғамдық тыңдаудың өткізілетін күні, уақыты, орны (қоғамдық тыңдаулардың ашық жиналысы өткізілетін күні және уақыты):** 2024 жылғы 6 мамыр, Жергілікті уақыт: 11:00, Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Теректі ауылы, Абай көшесі құрылыс 12, әкімшілік үйі. Сондай-ақ, ZOOM бейнеконференция байланысы арқылы.

Қатысушыларды тіркеудің басталу уақыты: 2024 ж. 03.06. сағат: 09:50.

Қоғамдық тыңдаудың басталған уақыты: 2024 ж. 03.06. сағат: 10:00.

Қоғамдық тыңдаудың аяқталған уақыты: 2024 ж. 03.06. сағат: 11:00.

*(қатысушыларды тіркеудің басталатын күні, уақыт, қоғамдық тыңдаулардың басталу және аяқталу уақыты, тыңдаулар өткізілетін орынның толық және нақты мекенжайы. Қоғамдық тыңдаулар ұзартылатын жағдайда барлық күндер көрсетіледі)*

**9. Бастамашы жіберген сұрату хатының көшірмесі және қоғамдық тыңдауларды өткізу шарттарын келісу туралы әкімшілік-аумақтық бірліктердің жергілікті атқарушы органдары ұсынған жауап хаттың көшірмесі осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі. №1 және №2 Қосымшада ұсынылады.**

**10. Қоғамдық тыңдауларға қатысушыларды тіркеу парағы осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі. №3 Қосымшада ұсынылады.**

**11. Қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы ақпарат қазақ және орыс тілдерінде келесі жолдармен таратылды:**

1) Бірінғай экологиялық порталда:

<https://ecportal.kz/Public/PubHearings/ShowDetails/18926> – 2024 ж. 29.04.

2) жергілікті атқарушы органның (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) ресми интернет-ресурсында немесе әзірлеуші мемлекеттік органның ресми интернет-ресурсында: «Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ – <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat/press/article/details/167303?lang=ru> – 2024 ж. 02.05.

*(ресми интернет-ресурстардың атауы, сілтемелер және жарияланған күні)*

3) қоғамдық тыңдаулар басталған күнге дейін жиырма жұмыс күнінен кешіктірмей, бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде кемінде бір газетте және қатысы бар аумақтың шегінде толық немесе ішінара орналасқан тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) аумағында таратылатын кемінде бір теле-немесе радиоарна арқылы бұқаралық ақпарат құралдарында:

«Qarqaraly» газеті, 2024 ж. 27.04. №17 (11.967).

*(газеттегі хабарландырудың атауын, нөмірін және жарияланған күнін көрсету, сондай-ақ газеттің сканерленген титулдық беті мен қоғамдық тыңдаулар өткізілетіндігі туралы хабарландыру берілген бетті қамтитын, сканерленген хабарландыруды қоса ұсыну)*

«Автордио Казахстан» радиотолқыны – 2024 ж. 30.04. эфирлік анықтама.

*(теле- немесе радиоарнаның атауын, хабарландыру жарияланған күнді көрсету, теле немесе радиоарнада жарияланған қоғамдық тыңдаулар өткізілетіндігі туралы хабарландырудың видео және аудиожазбасы бар электрондық жеткізгіш қоғамдық тыңдаулардың хаттамасына қоса тіркелуі (жариялануы) тиіс)*

4) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) аумағында мүдделі жұртшылық үшін қолжетімді орындарда, 1 мекенжайы бойынша 1 дана хабарландыру. Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Шарықты ауылдық округі әкімінің аппаратының ғимараты.

Осы қоғамдық тыңдау хаттамасына фотоматериалдар 4-ші Қосымшада қоса беріледі.

12. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімдері:

Қоғамдық тыңдау төрағасы: Жаман Ербулан

Қоғамдық тыңдау хатшысы: Мырзағалиев Мират Қанатұлы.

Хатшыны таңдау туралы:

Қоғамдық тыңдауға қатысушылар саны: «қарсы емес» - 13 адам, «қарсы» - 0 адам, «қалыс қалды» - 0 адам.

*(хатшыны таңдау туралы. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың санын көрсету: "қарсы емес", "қарсы", "қалыс қалды")*

Регламентті бекіту туралы: «қарсы емес» - 13 адам, «қарсы» - 0 адам, «қалыс қалды» - 0 адам.

*(регламентті бекіту туралы. Қоғамдық қатысушылардың санын көрсету: "қарсы емес", "қарсы", "қалыс қалды")*

13. Барлық тыңдалған баяндамалар туралы мәліметтер:

Мырзағалиев Мират Қанатұлы, «Eco Project Company» ЖШС инженер-эколог.

*(баяндамашының тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы)*

«Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Шарықты а. о., Теректі а. мекенжайы бойынша орналасқан «Алтай полиметаллы» ЖШС вахталық кентіне арналған буландырғыш-өрістерге су бұратын биологиялық тазарту кешенін салу" жұмыс жобасына, ШРЕТЖ, ҚББ, ТҚШЖ, ӨЭБ» қоршаған

ортаны қорғау бөлімі бойынша қазақ тіліндеші баяндама мәтіні – 3 парақта, презентация – 11 парақта.

Қоғамдық тыңдауға шығарылатын құжаттар бойынша баяндама мәтіні осы қоғамдық тыңдау хаттамасына №5 Қосымшада беріледі.

*(баяндаманың тақырыбы, беттердің, слайдтардың, файлдардың, плакаттардың, сызбалардың саны)*

Қоғамдық тыңдауларға шығарылып отырған құжаттар бойынша баяндамалардың мәтіні осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі.

14. Қоғамдық тыңдау хаттамасының ажырамас бөлігі болып табылатын, мүдделі мемлекеттік органдар мен жұртшылықтың осы Қағидаларының 18-тармағына сәйкес жазбаша нысанда ұсынылған немесе қоғамдық тыңдауларды өткізу барысында айтылған барлық ескертулер мен ұсыныстарын, әрбір ескерту және ұсыныс бойынша бастамашының жауаптары мен түсініктемелерін қамтитын жиынтық кесте. Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына мүлде қатысы жоқ ескертулер мен ұсыныстар кестеге «қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына қатысы жоқ» деген белгімен енгізіледі – 6 Қосымшада ұсынылады.

15. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың жоба және қаралатындардың сапасы туралы пікірі (негіздемесімен), құжаттардың, тыңдалған баяндамалардың толықтығы және оларды түсінудің қолжетімділігі тұрғысынан, оларды жақсарту бойынша ұсынымдар: Баяндаманы «Есо Project Company» ЖШС инженер-экологы Мырзағалиев Мират Қанатұлы презентация түрінде толық көлемде ұсынды.

Құжаттама бірыңғай экологиялық порталдың сайтында (<https://ecportal.kz/>) орналастырылатын болады.

*(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілдігінің атауы ұйымдар, пікірлер мен ұсыныстар)*

16. Қоғамдық тыңдаулар хаттамасына шағымдану Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес сот және сотқа дейінгі тәртіппен мүмкін болады.

17. Қоғамдық тыңдаудың төрағасы:

Жаман Ербулан

Қолы:

*(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып табылатын ұйымның атауы, қолы, күні)*

Күні: 2024 ж. 03.06.

18. Қоғамдық тыңдаудың хатшысы:

Мырзағалиев Мират Қанатұлы

Қолы:

*(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып табылатын ұйымның атауы, қолы, күні)*

Күні: 2024 ж. 03.06.

**«Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Шарықты а. о., Теректі а. мекенжайы бойынша орналасқан «Алтай полиметаллы» ЖШС вахталық кентіне арналған буландырғыш-өрістерге су бұратын биологиялық тазарту кешенін салу" жұмыс жобасына, ШРЕТЖ, ҚББ, ТҚШЖ, ӨЭБ» қоршаған ортаны қорғау бөлімі бойынша өткізілген қоғамдық тыңдау барысында қатысушылардан берілген ескертулер мен ұсыныстардың жиынтық кестесі**

Өткізу уақыты: 2024 жылғы 3 маусым, жергілікті уақыт: 10:00.

Өткізу орны: Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Теректі ауылы, Абай көшесі құрылыс 12, әкімшілік үйі.

№	Қатысушылардың ескертулері мен ұсыныстары (қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы)	Ескертулер мен ұсыныстарға жауаптар (жауап берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және/немесе лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы)	Ескерту (алынып тасталған/алынбаған ескерту немесе ұсыныс, "қоғамдық тыңдау тақырыбына қатысы жоқ")
1	Сағынтаев Б Мемкелетекетті орган өкілі Ағаштар қай жерге егіледі ? Ауыл ішіне егіледі ма ?	Карсакова А К Бастамашы Жобамен 100 түп ағаш отырғызу құрылыс аумағында жоспарланған Әсер ету аумағы алдында ала есептеу жүргізулер арқылы анықталады Ауыл ағаш егу ұсынысы қабылданады.	Ескерту алынды
2	Серік Ф Ауыл тұрғыны Септикті ауыл сыртына неге салмайды? Техникалық ақаулар болған жағдайда ше?	Карсакова А К Бастамашы Ведомстводан тыс сараптама қорытындысы бойынша объектінің арнайы орналасу орны «Бас жоспар » арқылы анықталды және бекітілді. Жаман Е Ауыл әкімі Ауыл сыртына алыс жерге құрылыс жасау қосымша жер қазуды талап етеді және топырақты бүлдіреді. Мырзағалиев М Қ Бастамашы Техникалық ақауларға қатысты табиғатты қорғау іс шаралар жобасымен және тазарту қондырғыларын жоспарлы техникалық тексеруден өтеді, оның жағдайы мамандармен қадағаланады.	Ескерту алынды

3	Серік Ф Ауыл тұрғыны Жобаны қайдан көруге болады?	Карсакова А К Бастамашы Жоба толықтай хабарландыру берілген сілтемеде бар. Сол жерден жүктеп қарауға болады. Ашық доступта ӨЭБ, ТҚШЦЖ табиғат ресурстарын басқару сайтында жүктелген	Ескерту алынды
4	Серік Ф Ауыл тұрғыны Құрылыс қашан басталады?	Карсакова А К Бастамашы Жоба бойынша 2024 жылы басталады.	Ескерту алынды
5	Сағынтаев Б Мемкелетекетті орган өкілі Арықтан аққан су ауылды айналып сиырларға әсер етеді?	Карсакова А К Бастамашы Жобамен шешілген қоршау болады, 2 буландырғыш өріс болады, басқа территорияға су өту қарастырылмаған Мырзағалиев М Қ Буландырғыш өріс арнайы қоршаулармен жабылады, биіктігі 1,9 м темір тормен қоршалады, қиыршық тастар төгіледі	Ескерту алынды
6	Сағынтаев Б Мемкелетекетті орган өкілі Ауылға ағаш егіледі ма?	Тулешов А Ы Бастамашы Ауыл әкімімен бірге қай жерге, қанша ағаш ұсынысы берілсін. Біз қарсы емеспіз.	Ескерту алынды
7	Серік Ф Ауыл тұрғыны Ауыл тұрғындарының суын тазарту, навоз, вакуум мәселелері қарастырылады ма?	Тулешов А Ы Бастамашы Бюджетке алдын ала жоспар жасалып, басшылық келісіліп жүйе бойынша шешім қабылданады. Жоспарға алынады	Ескерту алынды
8	Сағынтаев Б Мемкелетекетті орган өкілі Ауаға қаншалықты әсер етеді?	Мырзағалиев М Қ Бастамашы Атмосфераларық ауаға әсер ету аумағы арнайы есептеулер арқылы жасалып, табиғатты қорғау іс-шаралары жобасымен қарастырылады	Ескерту алынды
9	Сағынтаев Б Мемкелетекетті орган өкілі Ауаға қаншалықты әсер етеді?	Мырзағалиев М Қ Бастамашы Атмосфераларық ауаға әсер ету аумағы арнайы есептеулер арқылы жасалып, табиғатты қорғау іс-шаралары жобасымен қарастырылады	Ескерту алынды
10	Серік Ф Ауыл тұрғыны	Мырзағалиев М Қ Бастамашы	Ескерту алынды

	Иіс шықса не болады?	Жобамен арнайы иіс болдырмауды алдын алуға химиялық препараттар, бактериялар қосу қарастырылған.	
11	Сағынтаев Б Мемкелетекетті орган өкілі Фильтрация бар ма?	Мырзағалиев М Қ Бастамашы Поля-фильтрация бар.	Ескерту алынды
12	Серік Ф Ауыл тұрғыны Ауыл тұрғындарының кәріз суларын буландырғыш өрістерге төгу қарастырылған ба?	Карсакова А К Бастамашы Жоқ қарастырылмаған, техникалық тапсырма бойынша Алтай полиметаллының вахталық кентіндегі адам санына байланысты қарастырылған.	Ескерту алынды

**«Қоршаған ортаны қорғау бөлімі «Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Шарықты а. о., Теректі а. мекенжайы бойынша орналасқан «Алтай полиметаллы» ЖШС вахталық кентіне арналған буландырғыш-өрістерге су бұратын биологиялық тазарту кешенін салу" жұмыс жобасына, ШРЕТЖ, ҚББ, ТҚШЖ, ӨЭБ» бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдауға қатысушыларды тіркеу парағы**

Өткізу уақыты: 2024 жылғы 3 шілде, жергілікті уақыт: 10:00.

Өткізу орны: Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Шарықты а.о., Теректі ауылы, Абай көшесі, ғимарат 12, мәдениет үйі.

№, р/с	Қатысушының аты-жөні	Қатысушының санаты (мүдделі жұртшылықтың, жұртшылықтың, мемлекеттік органның өкілі, бастамашы)	Байланыс телефон нөмірі	Қатысу форматы (жеке немесе конференц-байланыс арқылы)	Қолы (ашық жиналысқа қатысқан жағдайда)
1	2	3	4	5	6
1	Мырзағалиев Мырат	Бастамашы	8-747-026-3746	жеке	
2	Батырбаев Асгар	Бастамашы	8-701-120-3946	жеке	
3	Карианов А. К.	Мемлекеттік органның өкілі	8-711-791-4605	жеке	
4	Жанит Е.	Мемлекеттік органның өкілі	87025049432	жеке	
5	Толубаев С. А.	қоғамдық кешенінің төрағасы	87023232550	жеке	
6	Каженова З. С.	ЖЕЛ мемлекеттік органы	87023648588	жеке	
7	Мурсалова Ж. Ж.	Бастамашы	87786753209	жеке	
8	Бұрабай С. Д.	Ауыл тұрғындарының комитеті	87789600597	жеке	
9	Алижанбаев К.	Ауыл тұрғындарының комитеті	8-7751685569	жеке	
10	Серик А.	Ауыл тұрғындарының комитеті	87754370769	жеке	
11	Салкентөев Б. Е.	Мемлекеттік орган	87021316638	жеке	
12	Рәсімбаев А.	ардагерлер кешенінің төрағасы	87021459265	жеке	
13	Бүлемов А. С.	Бастамашы	87754883031	жеке	



**Форма письма-запроса от инициатора общественных слушаний на проведение общественных слушаний в местные исполнительные органы административно-территориальных единиц (района, города)**

исходящий номер: 24292935001, Дата: 29/04/2024

---

*(регистрационные данные письма, исходящий номер, дата)*

Информируем Вас о: Осуществление государственной экологической экспертизы

---

*(наименование в соответствии с пунктом 12 настоящих Правил)*

Будет осуществляться на следующей территории:

---

*(территория воздействия, географические координаты участка)*

Предоставляем перечень административно-территориальных единиц, на территорию которых может быть оказано воздействие, и на территории которых будут проведены общественные слушания:

---

Предмет общественных слушаний: Раздел охраны окружающей среды к рабочему проекту "Строительство комплекса биологической очистки с отводом воды в поля-испарители для вахтового поселка ТОО "Алтай полиметаллы", расположенного по адресу Карагандинская область, Каркаралинский район, Шарыктинский с.о., с. Теректы", ПДС, ПУО, ППМ, ПЭК

---

*(тема, название общественных слушаний, предмет общественных слушаний в обязательном случае должен содержать точное наименование, место осуществления, срок намечаемой деятельности и наименование инициатора намечаемой деятельности)*

Просим согласовать нижеуказанные условия проведения общественных слушаний: оффлайн, Карагандинская область, Каркаралинский район, Шарыктинский с.о., с.Теректы, ул.Абая, строение 12; онлайн Активная ссылка проводимых общественных слушаний <https://us05web.zoom.us/j/82049971433?pwd=yaHbOqtqvf3PUSafExOaUahUTb9fm.1> или Идентификатор конференции: 820 4997 1433 Код доступа: 2Zf8bF., 03/06/2024 10:00

---

*(место, дата и время начала проведения общественных слушаний)*

Место проведения общественных слушаний в населенном (-ых) пункте (-ах) обосновано их ближайшим расположением к территории намечаемой деятельности (3 км).

Объявление о проведении общественных слушаний на казахском и русском языках будет распространено следующими способами:

Районная газета Qarqaraly; Авторадио Казахстан

---

*(наименование газеты, теле- и радиоканала, где будет размещено объявление)*

Карагандинская область, Каркаралинский район, Шарыктинский с.о., с.Теректы, ул.Абая, строение 12

---

*(расположение мест, специально предназначенных для размещения печатных объявлений (доски объявлений))*

Просим также подтвердить наличие технической возможности организации видеоконференцсвязи в ходе проведения общественных слушаний.

В соответствии с Экологическим кодексом Республики Казахстан и Правилами проведения общественных слушаний, общественные слушания проводятся под председательством представителя местного исполнительного органа соответствующей административно-территориальной единицы (района, города). Местный исполнительный орган обеспечивает видео- и аудиозапись открытого собрания общественных слушаний. Электронный носитель с видео- и аудиозаписью всего хода открытого собрания общественных слушаний с начала регистрации до закрытия общественных слушаний и подведением итогов слушаний, подлежит приобщению (публикации) к протоколу общественных слушаний.

В соответствии с требованиями законодательства просим обеспечить регистрацию участников общественных слушаний и видео- и аудиозапись общественных слушаний.»

ТОВАРИЩЕСТВО С ОГРАНИЧЕННОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ "АЛТАЙ ПОЛИМЕТАЛЛЫ" (БИН: 050740000965), 8-701-532-5322, [info@altaypm.kz](mailto:info@altaypm.kz)

Представитель: Муратов Дархан Ерсайынұлы

Составитель отчета о возможных воздействиях : ТОО "Eco Project Company"

---

*(фамилия, имя и отчество (при наличии), должность, наименование организации представителем которой является, подпись, контактные данные инициатора общественных слушаний).*

**Форма письма-ответа инициатору общественных слушаний от местных исполнительных органов  
административно-территориальных единиц (района, города) на проведение общественных  
слушаний**

исходящий номер: 24292935001, Дата: 29/04/2024

---

*(регистрационные данные письма, исходящий номер, дата)*

«В ответ на Ваше письмо (исх. №24292935001, от 29/04/2024 (дата)) о согласовании предлагаемых Вами условий проведения общественных слушаний, сообщаем следующее:

«Согласовываем проведение общественных слушаний по предмету Раздел охраны окружающей среды к рабочему проекту "Строительство комплекса биологической очистки с отводом воды в поля-испарители для вахтового поселка ТОО "Алтай полиметаллы", расположенного по адресу Карагандинская область, Каркаралинский район, Шарыкгинский с.о., с. Теректы", ПДС, ПУО, ППМ, ПЭК, в предлагаемую Вами 03/06/2024 10:00, оффлайн, Карагандинская область, Каркаралинский район, Шарыкгинский с.о., с.Теректы, ул.Абая, строение 12; онлайн Активная ссылка проводимых общественных слушаний <https://us05web.zoom.us/j/82049971433?pwd=yaHbOtvfv3PUSafExOaUahUTb9ffn.1> или Идентификатор конференции: 820 4997 1433Код доступа: 2Zf8bF. (дату, место, время начала проведения общественных слушаний)»

---

*(к причинам несогласования относятся: место проведения не относится к территории административно-территориальных единиц, на которую может быть оказано воздействие в результате осуществления намечаемой деятельности; дата и время проведения выпадает на выходные и/или праздничные дни, нерабочее время. "Поддерживаем, предложенные Вами способы распространения объявления о проведении общественных слушаний". или "Предлагаем дополнить (заменить) следующими способами, для более эффективного информирования общественности").*

«Подтверждаем наличие технической возможности организации видеоконференцсвязи в ходе проведения общественных слушаний».

«Перечень заинтересованных государственных органов: 1. 2.»

ТОВАРИЩЕСТВО С ОГРАНИЧЕННОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ "АЛТАЙ ПОЛИМЕТАЛЛЫ" (БИН: 050740000965), 8-701-532-5322, [info@altaypm.kz](mailto:info@altaypm.kz),

Представитель: Муратов Дархан Ерсайынұлы

Составитель отчета о возможных воздействиях: ТОО "Eco Project Company"

---

*(фамилия, имя и отчество (при наличии), должность, наименование организации представителем которой является, подпись, контактные данные инициатора общественных слушаний).*



# Qarqaraly

Газет 1930 жылдың 7 қарашасынан шығады

27 сәуір 2024 жыл Сенбі №17 (11 967)

<https://qarqaralygazeti.kz>

[www.facebook.com/qarqaralygazeti/](http://www.facebook.com/qarqaralygazeti/)

[qarqaraly\\_gazeti](https://www.instagram.com/qarqaraly_gazeti)

[karkaraly\\_too@mail.ru](mailto:karkaraly_too@mail.ru)

1 мамыр – Бірлік күні

## Тәуелсіздіктің темірқазығы

«Алтау ала болса – ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса – төбедегі келеді» деген қарға тамырлы қазақтың тамыр-тегіңдегі асыл қасиеттердің бірі – татулық пен ынтымақтастық. Бүгін ғана емес, бағзыдан, мыңжылдықтардан бері бүгінге ұласып, Қазақстан қазір басқаларға берекелі бейбіт өмірдің шамшырағы – қарусыз әлемді үлгі қылып отыр. Ол өз алдына бір әңгіме. Алайда, түптеп келгенде, астарынан төкелісіз тату-тәтті өмірдің елесі ту көтеріп шыға келеді.



«Айтар болсаң, Алланы айт» (Бұқар жырау) деген Алаш баласының елдік ұраны мен ұлттық ұстанымын бүгіннен ғана емес, түп-қиянынан бастап жазбай тануға болады. Халқымыздың қаны мен жанынан қайнап шыққан, ұлттық қодының төлқұжаты – жыраулар поэзиясын қараңыз. Бірлік пен ынтымақсыз ісің оңбайды дегеннен басталады ләмі. Бұқар жыраудың XVIII ғасырда «Бұл, бұл үйрек, бұл үйрек, бұл үйрек, бұл үйрек» дегені XX ғасырдағы Абайдың «Біріңді қазақ, бірін дос, көрмесең істің бәрі – бос» идеясымен астасатыны – кездейсоқ емес! Бейбітшілік пен татулыққа үндеген Бұқардың бұл ойы бүгінгі ынтымақ пен тұрақтылықтың түпқазығы, тұма бастауындай сезіледі. Жоғарыдағы жырау өсиеттері бүгінгі Қазақстанның іргетасы болып қаланып жатқандай көрінеді. Қазіргі Қазақстанның іргесі бірлік пен бейбітшіліктен, татулық пен ынтымақтан тұрады. Ендеше, бізге бірлік пен елдік туын көтергеннен басқа түк те қалған жоқ! Сонау Алтын Орданың дәуірлеп тұрғанында Сарай-Бату, Сарай-Беркеден сегіз қыр шартарапта қандай халық болса, солардың қайқайсы да табылар еді дейді тарих. Ұлы Жібекжолының кіндігі

болған Ұлы Даламыз. Тіпті кейінгі Қазақ хандығы кезінде де солай. Сарайшық, Сығанақ, Сыр бойы қалаларында сауда керуендері арқылы өркениет қайнап жатқан. Кейінде іштен іріп, бүйректен бөлінсек, «бөліп ал да билей бер» деп ірікті салған басқыншы жұрттың қитұрқы қияндай шашырап кетпепіз. Өйтпесе, «таспен атқанды аспен ат» деп өсиет қалдырған ел алауыз болды дегенді өзі ақылға сыймайды. XX ғасырда арып-ашып тыйтығы құрыған, онымен қоймай, репрессияға байланған кездің өзінде тағдырдың айдауымен жер ауып келгендерге кеңқолтық бауырмалдық танытқанымызды қайда қояды әлем? Түк көрмеген тобырлық өркениеттің өкілі болса өйте ме? Өзі жетпей отырғанда, бықырт тигендей тырқыратып қуып шықпай ма? Жоқ, олай етпепіз. Үлкен ерелі елдің текті тұқымынан екендігімізді танытып, тағдыр айдауымен келгендерге жарты нанымызды бөлісіп, бауырымызға басыппыз. Елдігімізді көрсетіптіз. Немісіңе, көрісіңе, жер ауып келген жөйітіңе болсын... Азаттықтың алғашқы жылдарында да елде жағдай мез еместі. Өліара. Осындай өткелекте, жаза басса жазым болар қылдан жіңішке, қылыштан өткір тұста ұлттың қантанырында қайнап жатқан деңгәр қасиет қайта ояныпты. Демек, Алтын Орда дәуірі, Қазақ хандығы заманынан бойына сіңген ұлттың ұлы қасиеті өшіп кетпепті.

Тәуелсіздіктің темірқазығы тұтастық десек, алтын арқауы – бірлік пен ынтымақ. ынтымағы ұйған Отанымыздағы келісім мен қауымдастық. Берісі адамзат баласының бір-біріне деген бауырластығы мен досқөңіл ізгілігі. Ал, ізгілік үстемдік құрған жерде, зұлымдыққа жол жоқ. Адамзат бір-біріне бауыр тартып, бірлік орнай бастағанда барып береке шөгеді. Татулық пен ынтымақтың төбесі көрінген жерден ғана тұтастық пен елдіктің туы көтеріледі. Кісі баласының арасындағы азғантай ғана жақындықты, азғантай ғана көңіл осындай үлкен дүниелерге бастайтынын ертеден білген азамат қазақ. «Көңіл көңілден су ішеді» дей ме, әйтпесе. Адам бойына қуат бітіретін көңіл болса, сол көңілдің өзі қуатты екінші бір көңілден алатын болып тұр ғой сонда. «Қай жеріңнен көңілге қуат қылдық, Қыр артылмас болған соң – мінсе қырқын» депті Абай. «Басбасына би болған өңкей қикым, Мінекей, бұзған жоқ па елдің сиқын?» деген де кемеңгер Абай. «Аққу, шортан һәм шаян» болып өркім өз білген жағына бұра тартса, елдің ынтымағы бұзылады екен. Жоғарыда біз атаған «бөліп ал да билей бер» содан шығады екен. Ендеше азаттығымызды баянды етудің төте ынтымақ пен бірлікте жатыр деген сөз. Сол азаттықтың арқауы тұтастыққа болғанда, оның алтын тамыры сонау бағзыдағы қазақтың ақылманы, идеологиялық көсемі Бұқар жырауда, беріге келсе Абайда болып тұр ғой. «Бұл, бұл үйрек, бұл үйрек, Бұл үйректен болыңыз» деп, құсқекеш құстың топтанып ұшқанынан ғибрат тартқан Бұқардың жыры. Топталып ұшқан үйректен мысалының соңында «Айнала алмай ат өлсін, Айыра алмай жат өлсін, Жат бойынан түңілісін, Бәріңіз бір енеден туғандай болыңыз» демеді ме Бұқарекен?! Кемекей әулие атанған абыз жырау бұл жерде ұлттың кемеліне келіп, өз қадіріне жетуін айтып тұр. Қадірің қайтса, бәрі қайтады! Қадірімізді қашырмау жолында күресейік онда.

Ерзат ЕРМАҒАМБЕТ

### Құрметті аудан тұрғындары!

Баршаңызды 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Біз – бірлік пенен татулықты ежелден қастер тұтқан халықпыз. Ауызбірлік пен елдіктің арқасында талай қиындықты еңсеріп, биік асуларды бағындырдық.

Бірлік пен татулық-берекелі өмірдің бастауы, мемлекеттегі тұрақтылықтың негізі. Бұл мұзғымас қағида – өрлігі де өркеніетті қоғамның негізі ұстанымы, айнымас құндылығы.

Бүгінде мемлекетімізде талай ұлттар мен этностар бір шаңырақтың астында бейбіт өмір сүріп келеді. Қиын-қыстау заманда түрлі ұлттар қазақ халқының кеңпейіл мейірбандығын көріп, қамқорлығына бөленді. Тағдырдың теперішін көріп келген түрлі ұлт өкілдері халқымыздың қолдауына ие болды. Тарих талай ұлттарды бір арнаға, ортақ шаңырақ астына тоғыстырды.

Бүгінде еліміздегі ұлттардың бекем бірлігінің арқасында қуатты да дамыған, әділдікті ту еткен мемлекет құрудамыз. Елімізде қашанда ұлттаралық достықты нығайтуға, ішкі тұрақтылықты сақтауға, ұлттардың өзара сыйластығы мен келісіміне ерекше мән беріледі. Бірлігі мен тірлігі жарасқан, достығы бекем, мақсаты ортақ халқымыздың абырой-мәртебесі де әркезде биік екені сөзсіз.

Қадірменді ағайын!

Халқымыздың бірлігі ажырамай, еліміз еңселі, тірлігіміз адал, келешегіміз кемел болсын! Әр шаңыраққа шырайлы бақыт, берекелі де баянды өмір тілейміз!

Әділжан АРҒЫНОВ,  
Қарқаралы ауданының әкімі

Саят ОСПАНОВ,  
Қарқаралы аудандық мәслихат төрағасы

### Жаңа тағайындау

## Аудандық сотта – жаңа судья

Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы 19 сәуірдегі №523 Жарлығымен Жазира Сәулеханқызы Абдрахманова Қарқаралы аудандық сотының судьясы қызметіне тағайындалды.



Ж.С.Абдрахманова 1988 жылы Қарағанды кооперативтік институтын «Бухгалтерлік есеп және шаруашылық қызметін талдау» мамандығы бойынша, 2005 жылы Е.Бекетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетін «Заңтану» мамандығы бойынша тәмамдап, «экономист», «заңгер» біліктіліктерін алған.

Мемлекеттік қызметке дейін Нұра аудандық тұтынушылар қоғамында есепші, Қарқаралы аудандық

тұтынушылар қоғамында есепші, бас есепшінің орынбасары, «Бірлік» аудандық кооперативінде, жеке кәсіпкерде есепші қызметтерін атқарған. 2009 жылдан бастап Қарқаралы аудандық сот өкілшісінің бас маманы қызметін атқарған. Жалпы мемлекеттік қызметтегі еңбек өтілі 15 жылды құрайды. Тұрмыста. Екі баласы бар.

Қарқаралы аудандық сотының баспасөз қызметі

### Абайлаңыз, алаяқ!

Бүгінгі күні кең таралған қылмыстардың бірі – ол алаяқтық. Қазіргі дамыған заманда алаяқтар азаматтардың атынан онлайн несие алу және адамдардың интернет-алаяқтық өсерінен қарызға батуы проблемаға айналды. Интернет желісінде жасалған қылмыстар, оның ішінде әлеуметтік желілерде вирустық сілтемелерді тарату туралы хабарландырулар көп кездесуде.

Қашықтықтан жасалған қылмыстарды талдау көрсеткендей, дайындалған немесе жасалған телефон алаяқтық қылмысының белгілерінің бірі алаяқтар «Банк қауіпсіздігі қызметкерлерінің» рөлін атқарып, телефон арқылы сөйлесу барысында банк картасы (банк картасының нөмірі, сондай-ақ CV-код) бойынша ақпарат алған кезде болады.

Адамдардың жеке басына қатысты көптеген дербес деректерді бөгде адамдардың қол жеткізуі интернет-алаяқтыққа алып келеді. Бұдан бөлек, әлеуметтік желілерде төлқұжаты бар кез-келген бала несие алуға мүмкіндігі бар деген көптеген ақпаратты табуға болады. Кейбір жерлерде олар тіпті төлқұжат қажет емес деп жазады.

Болашақта интернет-алаяқтықтың даму деңгейін, оның қауіптілік дәрежесін болжау мүмкін емес. Бұларға қалай төтеп беруге болады? Алаяқтар кез келген нөмірді қолдан жасап, сол нөмірден түрлі SMS жолдап, сендіруге тырысады.

## Интернет-алаяқтардың құрбаны болмаудың сақтық шаралары

Сондай-ақ, кейінгі шыққан түрінде құқық қорғау органдарында істейтін адам ретінде таныстырып, қызметтік куәлігін, жеке куәлігін, қауіпсіз есепшоттың реквизиттерін, өзге де нұсқаулықтарды жолдап отырады. Қазір заман дамығалы алаяқтық әдістерінің де небір түрі қоса шығып жатыр. Заманауи технологиялардың көмегімен банктің байланыс орталығының нөмірін қолдан жасап, содан хабарласқандай кейіп танытады. Тағы бір айта кетерлігі, алаяқтар Қазақстанда ғана емес, тіпті басқа елде де отырып, алдап түсіруі өбден мүмкін.

Мұндайда не істеу керек? Ең алдымен, есіңізде болсын! Санаңызға мына нәрсені түйіп алыңыз. Сізге қатысты бір мәліметті растап, Сіздің атыңызға тіркелген картаны білу үшін мемлекеттік орган қызметкерлері де, банк менеджерлері де Сізден сұрап жүрмейді. Ол үшін ақпараттық жүйелер бар. Сол жерден қарап, біледі. Сондықтан банк менеджерімін деп, не полиция органдарының өкілімін деп сауалдар қоя бастаса, одан бірден күдіктену керек. Нақты сол жақтан хабарласып тұр ма, жоқ па күмәнданған кезде телефон тұтқанын қойып тастап, нақты байланыс орталығының өз нөміріне хабарласу керек. Мазасын ала-



мын деп уайымдамаңыз. Осындай себеппен, нақтылау үшін хабарласқаныңызға еш қызметкер ренжімейді. Өйткені анықтауға құқығыңыз өбден бар. Бастысы, қобалжымаңыз, артық уайымға салынбаңыз. Ой-

ланбай шешім қабылдап, жеке деректеріңізді біреуге жолдамаңыз және айтпаңыз.

Әдетте алаяқтар әлеуметтік желілерге жалған интернет хабарландырулар орналас-тырады немесе аккаунт пен арнайы бет

ашып, сайт жасап алады. Ең жиі кездесіп жүрген интернет алаяқтықтың түрлері: интернет арқылы сауда жасау және қызмет көрсету, сондай-ақ өздерін банк қызметкері ретінде таныстырып, жеке деректерді иемдену және бөтен біреудің атынан онлайн-несие рәсімдеу арқылы жасалатын қылмыстар болып отыр.

Интернет алаяқтардан сақ болудың қарапайым қауіпсіздік шаралары:

- дербес деректерді, пластикалық карталардың мәліметтерін, кодтарды және құпия сөздерді ешкімге хабарламауға;
- Белгісіз әрі тексерілмеген сайттар арқылы алдын ала төлем жүргізуге, күмәнді мәмілелер бойынша ақша аударымдарын жүзеге асырмауға;
- ұялы телефон мен компьютерге белгісіз қосымшаларды орнатпауға;
- кез-келген сілтеме бойынша өтпеуге, слам хабарламаларға сенбеуге шақырамын;
- Осы талаптарды сақтау арқылы әр адам алаяқтардан өзін қорғап жүре алады.

Жанбота АМАНГЕЛДІ,  
Қарқаралы ауданы  
прокуратурасының прокуроры

## Проза

Жайма шуақ жаз айы. Шағын ауылдың ішін ерсілі-қарсылы шаңдатып жүрген қорапты көк машина әлде бір көше қилысына жете бере кілт тоқтады. Кабинада отырған екі жігіт көшенің арғы басында келе жатқан жас қыздан көз алмай қарап қалған. Қарауылға алғандары соған ұқсайды.

— Өні,әні! Қарашы! Мен іздеген қыз, өзі келе жатыр! — деді жерден жеті қоян тапқандай лепіре сөйлеген қараторы кексе жігіт,қуанғаны сонша рөлде отырған серігін иығынан бір нұқып жіберді.

— Қара, қара! — деді ол екпінін баса алмай, құстың қауырсынындай үлпілдеп келе жатқан жас сұлуға жанары байланып.

— Жолымыз болды, деген осы! Сауғабай! — деді ол жүргізуші досына бұрыла сөйлеп:

— Машинаға мінгізу маған серт, ауылға жеткізу саған міндет. Ал, дайында!Аттың басын бұрып, қамшы басуға әзірлен! Осыны айтып болғанша қыз да қол созып жерге жақындап қалған. Сол сәтте: «Іске сәт!» деп машинадан жылдам түскен әлгі жігіт қызға қарсы жүрді.

— Паушіркін! Өз көзіме сенбей тұрмын, Айтолқын, сенбісің!? — деді. Мына дауысқа жалт қараған қыз ордандап алдынан шыққан тығыз денелі, кеспелтек адамға шошына қарады. Жігіт болса қызды ішіп-жеп көз алар емес. Күн қағып, жел кемірген кескіні де сояудай қара екен.

— Бәрекелді, танымадың ба? Мен Әли ғой. Сәбітбайбек, Айсұлу деген әпке, жездөң есіңде ме? — деді. Сонда ғана қыздың өңі жылынып, қорқып қалғанын жасыра алмай:

— Аға, мен сізді мүлде танымай қалдым, кешіріңіз, — деп ақталғандай болды.

— Оқасы жоқ. Біз деген ауыл адамы, күнде көрмеген кісі тосаңсиды, — деп қыздың алды артын орап, күле сөйлеп: — Мен үйлеріңді ұмытып қалыппын. Өйтеуір, бір келгенім есімде, осы манда шығар деген, жоба ғой... Көп болды мұнда ат ізін салмағаным, жұмыспен жүр едік. Құда мен құдағиға сәлемдесейін дегем. Құр амандық, басқа шаруа жоқ, — деп жан-жағына қарап, қолдарын сермеп, даусы құбылып, желпіне, даурыға сөйледі.

— Онда үйге бара беріңіздер. Папам да, мамам да үйде. Мен дүкенге шыққан едім. Қазір келемін. Біздің үй анау сұр шатырлы, мына қатардағы үшінші үй, — деді даусы сыңғырлай сөйлеген қыз әлгінде өзі келген жақтағы қатар түзеген үйлерді нұсқап. Жігітте қыздың сөзін іле жөнеліп:

— Сені тоса тұрайық, Айтолқын. Бірге барамыз, асығыс емессіз, — деді қыз алдында әрі ұстамды, әрі сыпайы көрініп.

— Онда өздеріңіз біліңіздер, — деп қыз енді бұрыла берген де:

— Айтолқын, қайда кеттің, машинаға мінсей-ші. Шаңдатып жаяу жүресің бе?! — деді сөзі де, өзі де салмақты көрінген ол, «Машинамен тез барып келесің», — деп қамқорсып, қызды арбағандай болған. Оның үстіне қалтасынан темекі алып шылмын тұтатып жатты. Қимылы мен сөзіне қарағанда өзі машинаға мінбейтін секілді, солай екен деп қалған, Айтолқын сәл бөгеліп барып, «жарайды, боса босын, онда тез барып келейің» деп машина кабинасына отыра кетті. Осы сәтті тосып тұрған Әли де қызды өкшелей келіп, кабинаға жармасты.

— Ой,Айтолқын, кездескенің қандай жақсы болды! — деп,өзіміс сөйлеп, қызды жанамалай шайы көйлектің етегін баса қонжыған ол, көзі ұшқын атып, жүргізуші досына «бас қамшыны» дегендей белгі берді.

— Қалай, Айтолқын оқуың бітті ме? — деп қыздың таңырқауға да, күдіктенуге де шамасын келтірмей лепіріп келеді.

— Иә, аға оқуым біткен. Қырқүйектен бастап жұмысқа кірісемін.

— Жұмыс деген жақсы ғой,тұрмысқа шығу ойыңда бар ма? — деді ол әлгіндегі сыпайы қалпын жиып қойып, қызға сүйкене, шылғана қарады. Мына сөзді көңіліне кіді алған жас қыз, сәл тосылып үнсіз қалған. Сонда да сыпайылық сақтап:

— Әли аға,әзірге ондай ойым жоқ,біреу жыл ата-анам көмектесем, қалаға көшіріп алсақ деймін.

— Тосып жүрген біреуің бар шығар, сендей сұлу құдаша бізге де керек, — деп әңгіменің тұздығын қоюлатқан Әли, көмейін тескен мөреоз ойын өзінше жұмбақтай жөнелді. Мына сөз қыздың көңіліне тікенше қадалды, содан да болар, ол төңірегіне жалтақтап:

— Ағайлар, сіздер қайда барасыздар? Дүкен ана жақта қалды ғой...

Бұл уақытта бос қорабы даңғырлаған көк машина ауылдың иір-иір жолын қуалап келіп қырға, ұзын күрежолға бет түзеген.

# Көз жасы

Әли болса қыздың сұрағына жауап беруден жалтарып, ананы-мынаны айтып сырғыта берді.

Жігіттердің оспадар қылығына ренжи бастады қыз:

— Бұларыңыз не? Қайда барасыздар? — деді.Осы сөзді естуі мұң екен Әли қыздың үлбіреген жүзінен көз алмай, жанары жымындап, күн қаққан қарақошқыл өңіне күлкі жүгіріп:

— Айтолқын, жаным, мен сені алып қашу үшін келгем, басқа мақсатым жоқ, — деді өзінің әпербақан шартпа-шұрт мінезіне басып. Жігіттің мына сөзіне сенер сенбесін білмеген Айтолқын айналаға абдырай көз тастап: «Қайда? Неге!? Қойыңызшы», деп Әлиге жаутандай қараған.

Ол болса: «Жігіт қызды не үшін алып қашады: жар ету үшін. Сен енді менің нақсүйерім, жарым, әйелім боласың, кішкентай басыңа осы жетті ме?» — деп жанары жасаурай бастаған қыздың зәресін одан әрі ұшыруда.

Мына сөзді естіген Айтолқынның құлағы шыңылдап кетті. «Шынында да бұл не пәле!?!»

— Мүмкін емес, — деді ол: — Әпкем мен жездем тұрғанда сіз олай жасай алмайсыз.

— Бірақ мен алып қаштым емес пе?! Енді табалдырық аттауың ғана қалды.

— Сауғабай, — деді ол жүргізуші жігітке бұрылып, — сен қарап отырмай өлең айт. Той жырын айт. Аңыратып айт. Әли сері айдай сұлуды Айтолқынды алып қашып келеді, деп сар даланы әнге бөле! — деді. Ойын-шыны аралас әмір бере сөйледі.

Айтолқын болса мұның біріне де сене алмады. Сенбейін десе ауылдан ұзап кетті. Сол-ақ екен ойына қай-қайдағы келсін. Жүрегі тулап, бойын үрей алды. Өмірде мұндай құбұжықтың құрсауында кеткен арулар аз ба?

— Жоқ! Жоқ! — деді ол шыңғыра дауыстап.

— Сіз, не деген адамсыз? Тоқтаңыз! Түсір, түсір, мені! — деп бұлқына тулап, рөлге жармасты. Мұнысы Әлиге тіпті ұнап кеткен секілді, ол қызды айқыра құшақтап, аяқ-қолын тыпыр еткізбей қолтығына қысып алды. «Басына нұқта тимеген асау құлындар секілді не деген тентексің», дейді. Жанұшыра бұлқыған қызды біражола баурына тартып, емірене қысып:

— Не деген тентек едің! — деп өзіңше айналып, мекіреніп келеді. Қыздың жылағанын, тулағанын еститін де, елейтін де емес, меңіреу адам сықылды, қайта қыздың құлағына, «енді осы құшағымыз өлмей ажырамасын», деп сыбырлай сөйлеп, торғайдай бүріскен қызға біржола мәтәби болып алған. Өмірі мұндай гәпті көрмеген Айтолқынның жүрегі жылап, жаны жеркөніп, мына албасты құшақтан шыға алмай бұлқына-бұлқына күші сарқылып, денесі ұйып, сүлесок күйге түсті.

Бұл кезде елсіз өңірге шығып кеткен көк машина боз көденің бетін ақ бөрте шаңмен кестелеп, белгісіз бағытқа заулап келе жатты. Ұшы қиыры жоқ иен даланың көк жиекпен шендесер тұсында сағым ойнаған биік тау сілемдері көзге өміс-өміс байқалғандай. Дала жолының қалтарыс бұлтарысына мәтәқым болып алған жүргізуші жігіт көделі алқапты көктей өтіп, тақтайдай жолға түсті. Көзі күлімдеп аузы әннен босамай келе жатқан салпы ауыз, шойын қара ала бөтен көңілді еді.



**Жанболат БАШАР,**  
жазушы

Бірі тұнжырап, бірі меңірейген қыз бен жігітте оның шаруасы жоқ секілді. Сөйтсе де сол екеуінің көңілін аулағаны ма, қайдам, той жырын аңыратып келеді.

«Той үстінде тәтті күндер, тәтті күндер, Жас жұбайлар шат күліңдер шат күліңдер...»

Қыздың қабағы ауыр, жанарынан аққан жас көзінің бояуын жуып, жүзін айғыздап тастаған. Бір түрлі еңсесі езіліп, тауы шағылғандай. Өкірендеген Әлидің сөз түсінер халі жоқ. Өзінен мүшелі жас үлкен бұ дүлейге қалай кез болғанан Айтолқын біле алмай дал. Осы мезетте алдарынан жалғыз киіз үй көрінді. Иен далада отырған малшы аулы болса керек. Көк машина әлгі үйдің қатарына жете бере жүрісін жайлатып барып тоқтады. Шау етіп үрген малды ауылдың маң төбеттері, жолаушыларға арпылдап үріп көлік үйдің қасына жетіп тоқтағанда «Осы да болар» дегендей жайларына кетті.

Жолаушылар «бұл кімнің аулы болды екен» деп жан-жақты барлап есік алдында тұрып қалды. Қыз болса көліктен жылдам түсіп, жүргірген бойы киіз үйге сүңгіп кеткен. «Мына ауылдың адамдары араша түсер, алып қалар» деген үміт сәулесі бойын билегендей. Мұны көрген үй иесісі егде жастағы ашандау әйел үркіп қашқан еліктің лағындай бейтаныс қызға әрі таңырқап, әрі шошына қарады.

— Төрге шық қызым, аманшылық ба? Қайдан жүрсіндер? — деп қыз балаға назар аударғанша:

— Тәтет-ай! Тәтет-ай, мені құтқара көріңіз! Мені зорлықпен алып қашып келеді.Тәтет-ай, құтқарыңызшы!..

Осыны айтқан қыз киіз үйдің ішіне жалт-жұлт қарап алды да, іргедегі көрпе-жастық жиналған темір кереуеттің астына тырмыса кіріп кетті.

— Асталыралла! — деді мұны көрген әйел адам. Қыз болса«Тәтет-ай, айта көрмеңіз!» деп зар қағуда. Сөйткенше екі жігіт үйге кірді.

Екеуі тұқ болмағандай әуелі аман-саулықты сұрасты, сонсоң:

— Алай бір суық су болса таңдай жібітсек,жолда келе жатыр едік, — деді. Сөздері де, жүздері де қыздың зәре-

құтын алардай емес. Дастарханға жайғасқан жолаушыларға сусын ұсынған үй иесісі:

— Жолдарың болсын қарақтарым, қай жақтан келесіңдер?

— Қарасудан келеміз, апай. Ауылға, Калининге жол тартып барамыз.

— Е,мына өзіміздің Калининді айтасындар ма? Онда кім боласыңдыр? — деді әйел адам жігіттерге әлі де сенімсіз секемдене қарап.

— Мен, Ерден деген кісінің баласымын. Естуіңіз бар ма? — деді Әли үйдің ішін тінте қарап алып.

— Бәрекелді,мына өзіміздің Калининдегі май сататын Ерден ағатай ма? — деп әйел адам ескі танысын кездестіргендей бұларға еңсеріле бұрылды.

— Дәл өзі, апай,өзіңіз кім болдыңыз? Бұлардың сұрағына жауап беруге асықпаған үй иесісі, сусын құйған тостағанды Әлиге ұсынып жатып:

— Е, өзімнің баурым екенсің қой, қарағым. Ерден ағаның балаларын жасырақ кездерінде көргем. Сен қай баласы боласың?

— Мен сол кісінің кіші ұлы Әли боламын, өзіңіз де біліп отырсыз.

— Бәле, білмеген де, ертерек жылдары сіздердің үймен біздің әкелеріміз жақсы араласып тұрған, онда сендер жас едіңдер, — деді ол дастарханға нан, май қойып жатып «тамақ алыңдар» деп әңгімесін әрі жалғады.

— Е,одан бері талай уақыт болды ғой, ана жылдары совхоздар құрылғанда Ерекен ағалар Калининге көшті. Біз осында қалып қойдық. Сен онда бес-алтыларда шығарсың. Білем, білем. Мен Ақшаның қызымын, осындағы жалғыз үй керейдің келіні — Майса деген апайың боламын, айналайын, өзімнің бауырым екенсің. Сусын алыңдар, — деп жігіттердің босаған тостағандарына қымыз толтырды.

Сусындарын ішіп болған жолаушы жігіттер шығуға беттеді.

— Ал, жақсы, алай сау тұрғыңыз, — деді Әли соны айтқан ол шұғыл бұрылып:

— Әлгі қызымыз қайда кетті? Ат-түйедей қалап әкеле жатқан қалыңдығым ғой, тәтесі-ау. Сіздей туысқанымның үйіне келетінімді білгенде, құдай ақы, келінді осында-ақ түсіретін едім, — деп әйел адамға кеңілдеп күле қараған.

— Бауырым ау,өз ықтиярымен келе жатқан бала ма? Денесі дірдек қағып, жүрегі ұшып кеткелі тұр. Зорлап әкеле жатсаң обалына қалма, қарағым. Кім баласы өзі?

— Апатай,бірінші рет тұрмысқа шыққан қыз осындай болмағанда қандай болады. Өрине, қорқып келеді. Асылы, сіз ол жағын білмей ақ қойыңыз. Жолда аздап ренжісіп қалған едік тулап жүргені сол. Сұлуым, мына үйде сен тығылатын жер де жоқ екен өзің келе бер, тәтесі жүріңіз, — деп үй иесіні сыртқа ертіп шыққан ол серігіне «әйелді алдандыр» дегендей белгі берді, сөйтті де өзі дереу кигіз үйге жүгіре басып қайта кірді.

Бұл уақытта көрпе жастық жиналған темір кереуеттің астына тығылған қыз, қолға түскен киіктің лағындай дірдектеп, бір шөкім болып бүрісіп жатқан. Әли сөзге келместен қызды темір тесектің астынан сүйреп шығарды. Темір кереуеттің жақтауы қыздың денесін оңдырмай сүріп кеткеніне де қарар емес.

Қыз болса «апатай, көмектесіңіз-ші, жальнамын» деп ышқына, шыңғыра айғайлады.

Қыздың жанұшырған даусын естіген әйел адам үйге қарай тұра ұмтылған еді

жүргізуші жігіт оның жолын кескестеп:

— Тәтесі-ау, қайтегісіз, өздері шешсін, — деп бөгей берген. Сөйткенше болған жоқ, қарулы жігіт қызды дедек қақтырып әкеліп, машинаға бірақ сүңгітті.

Сәлден кейін қыз алып қашқандар жолды-жолсызбен ердегі ауылдарына маңдай беріп, жүйткіп жөнелді.

\*\*\*

Сол күні ауылдастары да келін әкеле жатқан есер Әлиді «Өні келеді, міне келеді» деп сабыр-тақаттарын таусып, мазақ күйге түскен-ді. Отыздың алтауынан асса да бас құрамай, әулеттің кішісі болып тайрандап жүрген есер жігіт келін түсіремін дегеніне әкешесі сенер-сенбесін білмей «мынау не дейді» дегендей бір-біріне қарасқан. Артынша тез серігген кемпір-шал жүздеріне нұр ойнап, өздерінше арқа-жарқа қуанысып:

— Құтты болсын! — десті екеуі жарыса сөйлеп. Айтарын айтса да кемпір-шалдың көңілі күпті. Арты қалай болады дегендей бүгежектеп қалған.

— Бағың ашылсын, айналайын! Біз танымыз ба? Кім баласы, әке-шешесі бар ма? — деді анасы ұлының мына қадамын қуана қостағанымен, көңілі әлде неге алаң. Ерден қарияның да көкейіне оралған осы сауал еді, ол да баласының аузын бағып, бүкіл кеудесімен еңсеріле қарап қалған.

— Бөтен емес, өздерің білесіңдер, — деді Әли тура сөзге бармай қысқа қайырып.

— «Қашан келін түсіресің, қашан, қашан?» деп құлақтың етін жеуші едіңдер, енді оның «атасы кім, анасы кім» деп қазбалайсындар. Өйтеуір бір шүйке бас әкелсек болмай ма?!— деп кемпір шалды жасқап тастады.

Ердекен аузындағы насыбайын төгіп, баласы үйден шығып кеткен соң бәйбішесіне бұрылды:

— Ағасын шақыр, мынаумен сөйлессін, не ойлағаны да, — деді қария, бауу сөйлесе де көңілі әлде неге алабұртып.

Ағасы Сәбітбайбек сол күні іссапарда болып інісімен сөйлесудің орайы болмады. Оның есесіне өзінен үлкен екі апасы бірдей келіп, тентек ұлды ортаға алып, ананы-мынаны сұрап, өздерінше сыр тартқансы-ды. Апаларына ол ойындағысын жасырмай айтты. Қаншасы рас, оны өзі біледі. Сөзіне қарағанда қалада хабарласып жүрген қыз бар екен, онысы биыл ғана оқу бітіріп келсе керек, уәде бойынша соны алып келмекші. Әкешесі бар. Әкесі зауытта еңбек етеді, шешесі мұғалім, қорықпандар, — деді ол апаларының көңілін орнықтырып. Мұны естіген апалары Әлия мен Сания:

— Әли,айналайын, рас айтасың ғой, рас па? Өйтеуір анау емес қой, — деп бауырларының бетіне бажайлай қараған.

— Жоқ дедік қой, қайдағыны айта бермендер. Оданда тойға дайындалыңдар, — деп шамдана сөйлеген Әли әңгімені созбай түрегеп кетті.

Апалары «әйтеуір анау емес» деп соған қуанды. Өткен жылы ғана осы кеңшарда тұратын бала шағасы бар әлде бір жесір әйелмен әуей болып, соған үйленемін деп бәрін әбгерге түсіріп, аяқтарынан тік тұрғызған. Әли үйленемін дегенде бұлардың қауіп қылғаны сол —ды. Одан аман екен, апалары соған қуанды. Өйтседе «атымның сыры өзіме мәлім»демекші бауырларының әлпәлі сөзіне бірде сеніп, бірде сене алмай, солай болса солай шығар, деп нақты пайымдауға тиянақ таппаған екі апасы бір-біріне қарасты. Тек тойға дайындалу керек деген сөз ғана құлақтарында тұрып қалғандай.

Сонымен не керек, келін түсірудің қарбалас дайындығы басталып кетті. Әли болса, совхоз басшысына кіріп үйленетінін айтып, қалыңдығын алып келу үшін қалаға баруға көлік сұрады. Оған өзінің жынды досы — Сауғабайды беруді өтінді. Шаруашылық басшысы есер неменің сөзіне кәдімгідей иланып, бір күн әрі, бір күн бері қалаға барып келуге Әлидің сұрағанын берген болатын.

Кабинетінен шығып бара жатқанда директор Әлиді тоқтатып:

— Әй, Әли! Сен шын үйленесің ғой, ә, — деді.

Есік тұтқасына қолын соза беріп, жалт бұрылған Әли:

— Әбеке, бұрын мұндай шаруаға сізден көлік сұраған емеспін, — деді жанары ұшқындап, даусы да нық-нық естілді. Мына сөзден соң бастықтың басқаша ойлауға шүбәсі қалмағандай: — Жарар, жарар, — деп қолын көтерген директор, «Жолың болсын!» айтты қала берді.

**Жалғасы көлесі санда Балқаш қаласы**



Тарих

Кең байтақ қазақ даласына сырттан көз тіккендер ықылым заманнан бері аз болмаған. Ата-бабасы ұрпақтан-ұрпаққа мұра етіп қалдырған жерін жаудан қорғап қалған батырларды, осындай кезде халқының басын қосып, жауға қарсы жұмылдырған билер мен хандардың есімдерін тарихтан білеміз. Олардың ерлік істерін болашақ ұрпаққа жеткізу көкірек көзі ояу әрбір азаматтың парызы. Өкінішке орай өткеніміздің зерттелмеген, жазылмаған, сондықтан да тарих қойнауына «ақтаңдақ» болып кетіп бара жатқан парақтары жетерлік. Көптеген жастардың, тіпті кейбір үлкендеріміз тарихи өлшем тұрғысынан алғанда «кеше ғана» деуге болатын оқиғалар туралы айтқанда «Баяғы заманда» деп алыстата сөйлейтіндері бар.

Қарқаралы тарихында аттары, берісі Арқа жұртына, әрісі қазақ еліне белгілі тұлғалар баршылық. Солардың бірі – Тоғалақұлы Матақ батыр. Тоғалақтың Ұлытау, Матақ, Қылыш деген үш ұлы болған. Мен Ұлытау бабамыздың бесінші ұрпағымын. Қазақ елін сыртқы жаулардан қорғау кезінде елеулі еңбек сіңіріп, халқымыздың рухын көтерген батырларының қатарында Матақ батырдың аты аталады.

Матақ батырдың әкесі Дүйсенбайұлы Тоғалақ қазақ жасағында мыңбасы болса, баласы – 17 жасар Матақ жауынгер болған. Қазақ жасақтарының елін жоңғарлардан азат ету кезінде ұйымдастырған атақты «Есіп-Нұра» жорығындағы Семізбұғы даласындағы бір шайқаста отыз жеті жастағы мыңбасы – Тоғалақ батыр қаза табады.

Жауларымен айқаста батылдығымен, шеберлігімен көзге түскен Матақты Абылайхан Тоғалақтың інісі – Қожан батыр мен Бекболат бидің ұсынысымен мыңбасылыққа тағайындайды. Бұл 1754 жылы болса керек.

Матақ батырдың басқаруындағы жасағы қазақ жерін жоңғар шапқыншылығынан азат ету жолында көптеген жеңістерге жеткен.

1769 жылы Абылай Қарқаралыға Шақшан болысын қосып, Матақ батырды Қарқаралы дуанының әмірі лауазымына тағайындайды.

Матақ батырдың сегізінші ұрпағы Төребекұлы Темірдің ескі қолжазбаларының арасынан Матақ батырдың мөрінің таңбасы табылды. Бұл мөр – сақинаға орнатылған, Қарқаралы дуанының бірінші әмірінің мөрі.

Қарқаралы тарихи-өлкетану мұражайында жұмыс істеп жүргенде Матақ батырдың бұрышын жабдықтау кезінде осы мөрінің суретінің сапасының нашарлау екенін байқадық. Аманжол, арнайы фоторедактор программасымен үлкейтіп отырып, суретті түсірген кездегі жіберілген кемшіліктерді түзеткенмін. Әрине текстің жазылуына, әріптеріне тиіскен жоқпын.

Қарқаралылық өлкетанушы, марқұм Сембір Дәулетбаевтың айтуынша мөрінің жазуын оқытын маман табылмағандықтан Стамбул университетінің ғалымы Рысбек Алимов мырзадан көмек сұраған.

Р.Алимовтың аудармасы: «Матақ батыр. Әмірлердің әмірі.

# Матақ батыр. Әмірлердің әмірі...



Матақ батырдың кесенесінде ас беріп Құран бағыштау. 2015 жыл

Ең мейірімді, рахымды Алланың атымен».

Матақ батыр туған елінің қоғамдық өміріне белсене араласқан, шығармашылық жұмыстармен айналысқан, бірнеше тілдерді меңгерген деген ақпараттар бар.


Матақ батырдың қолымен көшіріліп, өзінің мөрімен куәландырылған, арап-парсы тілінде жазылған шығарманың табылуы да осыған дәлел.

Матақ, Парсы ақыны Бедиль Әбдіқадырдың (1644-1720) еңбегінің түпнұсқасын бұл өңірде екінші хатқа түсірген каллиграф. Баспахана болмағандықтан әлем классиктерінің еңбектері каллиграф жолымен таратылған. Бұл еңбек Матақтың қолжазбасы арқылы анықталды. Мұндай сан-салалы тарихи шығармаларды көшіру үшін сөз жоқ арап-парсы тілдерін жетік білу керек.

Көшірілген қолжазба соңында Матақ батыр «Аль султан, Аль Адил Матақ» деп арапша жазып, мөрін басқан. (С. Дәулетбаев. «Өткенсіз ел, тарихсыз жер болмайды»).

Матақ 1824 жылы, 89 жасында жайлауда, ауырып қайтыс болады. Хәлі нашарлай бастағанда туыстарының үлкендері жиылып келіп: «Матаққа, алай-бұлай болып кетсеңіз қиын болады ғой, ел ортасына, Томар жаққа қайтайық» десе керек. Сонда Матақ батыр: «Ажалым жетсе анау тұрған қорымға апарып жерлендер» – дейді.

– Ойбай, Батыр-ау. Сіздің атақ-даңқыңызға лайық па, басқа біреудің қорымына жату. Бұл жер «Борсылдақ бидің қорымы» деп аталады ғой, – деп ақсақалдар келіспепті.



Матақ батырдың кесенесі. 2015 жыл

– Ештеңе етпейді, осында жерлей беріңдер. Мен барған соң Борсылдақ артын қысар, – деген екен Батыр.

Дуалы ауыздан шыққан сөз шыңға айналды. Кәзір ол жер және сол жерден өтетін өзен Матақ батыр атымен аталады.

Елін жаудан қорғаған батырын, ел басқарған азаматын елі ұмытпайды. 1994 жылы Матақ ауылындағы сол кездегі шаруашылық басшысы Рахметов Төлеу деген азаматтың ұйымдастыруымен ауыл тұрғындары, №15 мектеп оқушылары, ұстаздар ұжымы, ауыл әкімдері ас беріп, Матақ батырға арнап дұға бағыштады. 2003 жылы осы

ұжым батырдың кесенесіне ескерткіш тақта орнатты. Кейіннен ауыл халқы өз қаражаттарына мешіт салып, оған Матақ батырдың атын берді.

2015 жылы Қарағанды облысының мәдениет басқармасының «Тарихи және мәдени ескерткіштерді сақтау және қорғау бөлімінің» мамандары Матақ батыр кесенесіне күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізді. Кесененің сырты темір шарбақпен қоршалды, тозған қабырғаның элементтері жаңартылды, айналасы ретке келтірілді. Матақ батыр кесенесі Қазақстан Республикасының мемлекет қорғауына алынған ескерткіштер қатарын енгізілді. Осы салтанатты шараға Қарағанды облыстық мәдениет бөлімінің мамандары, Қарқаралы аудандық әкімшілігі қызметкерлері, баспасөз өкілдері, аудандық мұражай қызметкерлері және Батырдың ұр-



Қарқаралы дуанының әмірі Матақ батырдың мөрінің таңбасы

Қасым Аманжолов ауылында қызмет істеп жүргенімде, бір әңгіме үстінде ауылдың үлкені, Социалистік Еңбек Ері Қалиев Шәкәрім ақсақал: «Мейрхан, Матақ аталарыңды неге зерттемейсіңдер? Осы өңір үшін ғана емес, бүкіл қазақ елі үшін жастайынан қолына қару алып, әкесі Тоғалақ батырдың соңынан еріп, қан майданға түсті емес пе? Артында елі бар, елі мойындаған Батыр атағы бар, мүрдесі жатқан жері әні түр емес пе? Кейбіреулер жоқтан бар жасап жатқанда сендердің бұлардың дұрыс емес», – деп ренжіп айтқаны бар.

Расында, ақсақалдың айтқаны дұрыс еді. Өткен, кеш болды. Соңына түсіп, Батырдың өмірдегі жинақтамадық. Шәкәрім ақсақал көп әңгіме білуші еді. Тиянақтап сөздерін де жазып алмадық. Жаңағы әңгімеден кейін көп ұзамай ақсақал дүниеден озды. Бүгінде біздің ортада ескі әңгімелерді айтатын құймақұлақ ақсақалдар, әжелер қалмады деуге болады. Дегенмен бұл бағыттағы шаруаларды жалғастыру ойда бар.

Биылғы жыл Қарқаралы өңірі үшін айтулы мерекелі жыл. Мыңжылдық тарихы бар Қарқаралы мекені, бертінде Қазақ елінің болашағы мен тәуелсіздігі үшін терін төккен, жанын қиған көптеген Алаштың марқасқаларының мекені болған Қарқаралының іргесі қаланғанына да екі ғасыр толып отыр.

Ендеше, бұл мерейтой Қарқаралы станицасының іргесі қаланған күн емес, Қарқаралы деген тағдыры қиыншылыққа толы, бірақ болашағы жарқын қасиетті мекеніміздің тойы деп есептейміз. Бұл күнге әлі ашылмаған, әлі айтылмаған талай тарих жария етіледі деп үміттенеміз.

Айтпақшы, менің бабам Матақ батырдың дүниеден өткеніне де осы жазда екі ғасыр толады. Мына сәйкестікке қараңыздаршы: Осыдан тура 255 жыл бұрын, яғни 1769 жылы Абылай хан тағайындаған Қарқаралы дуанының тұңғыш әмірі - Матақ батыр дүниеден өткен күндері Қарқаралы дуанының жаңа басшысы, Ресей патшасының өкілі полковник С.Броневский қызметке кірісіпті! Ой, дүние-ай!

Мейрхан ҚАСЫМЖАНҰЛЫ,  
Қарқаралы қаласы,  
19 сәуір 2024 жыл

Қаныш Сәтбаев – 125 жыл

## Алаштың алғашқы академигі

Қаныш Сәтбаев 125 жыл бұрын 1899 жылы 12 сәуірде Семей губерниясы Павлодар уезіндегі Ақкөлін болысының № 4 ауылында (қазіргі ҚР Павлодар облысының Баянауыл ауданы) орта жүз арғын руының қаржас (Сүйіндік) деген еліне жататын Имантай би Сәтбаевтың отбасында дүниеге келген. Нәресте туған кезде оған Ғабдулғани деген есім беріпті, бірақ анасы Әлима оны еркелетіп Ғаныш, Қаныш деп атаған. Кейін бәрі баланы Қаныш деп атап кеткен екен.

Ол анасынан ерте айырылып, жастайынан білімге құштар болды. Қаныш алдымен араб тілінде оқытатын ауыл мектебінде білім алып, кейін Павлодардағы екі кластық орыс-қазақ гимназиясында оқиды. Кейін 1926 жылы Қ.И.Сәтбаев Томск технологиялық институтын аяқтап, тау-кен инженер-геологы дипломын иеленген қазақтың алғашқы азаматы ретінде халық шаруашылығы Орталық кеңесінің қарамағына жіберіледі. Қаныш әлемдегі ең ірі мыс кен орны Қарсақпайда екендігін дәлелдеу үшін аттай 15 жылын сол жерде өт-



кізеді. Жас маманға Жезқазған-Ұлытау ауданында пайдалы қазбалар қорларын жоспарлы түрде анықтау бойынша алғашқы стационарлық геолог

логиялық барлау жұмыстарын жүргізу сынды маңызды міндет жүктелді.

Еліміздің тұңғыш кәсіби тау-кен инженер-геологы, Қазақстан Ғылым

Академиясының негізін қалаушы және оның тұңғыш президенті, академик Қ.И.Сәтбаевтың өмірі мен ғылыми қызметі отандық ғылым мен ғылыми ой тарихында маңызды орын алады. Ол қиын және күрделі кезеңде республиканы индустрияландыру жолында орасан зор еңбек етті. Қаныш Сәтбаев қазақтың тұңғыш ғылым докторы, Шығыс елдерінің ғалымдары арасында ғылым мен техника саласындағы КСРО алғашқы академигі, КСРО Мемлекеттік сыйлығының және Қазақстандағы Ленин сыйлығының бірінші иегері болып табылады.

Академик Қ.И.Сәтбаев – феномен ғалым, ғылым мен ғылыми қызметтің ірі ұйымдастырушы, республикалық геологиялық қызметтің негізін қалаушы, ірі мемлекет және қоғам қайраткері. Оның көп қырлы қызметінің іске асуының көрсеткіші – тек Үлкен Жезқазған мен Жезді ғана емес, сонымен қатар Орталық Қазақстанның, республиканың шығысы мен оңтүстігіндегі ірі тау-кен металлургиялық кешендері.

Ол Жезқазған-Ұлытау ауданының жер қойнауын барлағаны үшін 1940 ж. Ленин орденімен марапатталды. 1942 жылы оған геология-минералогия ғылымдарының докторы ғылыми дә-



режесі берілді. «Жезқазған ауданының кен орындары» ғылыми еңбегі үшін сол жылы екінші дәрежелі Сталин сыйлығы берілді.

Ұлы ғалымның өмірбаяны үлгі етерлік мысалдарға бай. Азаматтық адамгершілік пен ғылыми адалдық, діндеген мақсаттарға жетудегі қажыр-қайрат пен табандылық, ғылыми зерттеулердегі бірегейлігі, айналасындағыларға мейірімді қарым-қатынасы сияқты сипаттар үлкен өмірге аяқ басқан жастар үшін тамаша үлгі бола алады.

А.СУЛЕЙМЕНОВА,  
Қарқаралы ауданының мемлекеттік архивінің архивисті

## Театр айлығы – 2024

**Ресми дерек бойынша, қазақ театр өнерінің шымылдығы 1926 жылы республиканың сол кездегі астанасы Қызылорда қаласында ашылғаны белгілі. Дегенмен, осынау хас өнер тақыр жерде пайда болмағаны хақ. Оның негізін қалаған тұңғыштар алдыңғы сапында Қарқаралы өңіріндегі Қоянды жәрмеңкесінің көрігін қыздырған дала өнерпаздары: Иса Байзақов, Қалибек Қуанышбаев, Әміре Қашаубаев, Жұмат Шанин, Қажымұқан Мұңайтпасов, т.б. жүргені даусыз.**

Қоянды жәрмеңкесінің тыныс-тіршілігімен жақсы таныс жазушылар М.Әуезов, В.В.Иванов, С.Бегалин, С.Мұқанов, Н.И.Анов, ақын П.Васильев өз жазбаларында кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында мұнда сауда-саттықпен қатар ойын-сауық қайта өрістегеніне тоқталады. Әсіресе, 1923 жылы өткен Қоянды жәрмеңкесі өнер әлеміндегі қайта өрлеу кезеңін бастаған екен. XIX ғасырда Тәттімбет пен Жанақтың, Біржан мен Айтбайдың, одан беріде

ардагері Раушан Рашидқызы Жылтыбаева, «Қарқаралы аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ-нің басшысы Жазира Қалышқызы Ысқақова, Шахман Мағазовпен қызметтес болған ақсақал Сиязбек Рахимов және алғашқы режиссердің ұлы Ғибадат Шахманұлы театр ұжымын мерейтоймен және атақ иеленуімен құттықтап, жылы лебіздерін жеткізді.

рухани қуаныш сыйлап жүрген, дара жолы, өзгеше тарихы бар өнер ұжымы. Қарқаралының 200 жылдығына арналған фестивальға әзірлеген қойылымымен де көрермендерін үлкен әсерге беледі театр. Бір отбасының басындағы қарым-қатынас арқылы бүкіл қоғамның дертін, мүдделер мен көзқарастар қайшылығын көрсете алды. Драмадағы орталық тұлға

атындағы халық театры 1963 жылы «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» трагедиясын сахналап, «айды аспанға шығарғаны» белгілі. Онда Қозының ролін бөлімше басқарушысы Амантай Сүлейменов, Баянды келіншегі Тиыштық жеңгеміз ойнағаны есімдіде. Өнер ұжымы он жылдан кейін халықтық атағын қорғады. Абыздықтар бұл фестивальға белгілі жазушы, қоғам

# Хас өнердің базары – Қарқаралыда



Жаяу Мұса мен Мәдидің өнеріне куә болған жұрт ендігі жерде жоғарыда айтылған Иса мен Әміренің, Қали Байжанов пен Ғаббас Айтбаевтың, керекулік әнші Майра Уәлиқызының, сиқыршы-акробаттар Зәрубай Құлсейітов пен Омар Әбдиевтің (Жынды Омар) әндеріне, әзіл-сықақ қойылымдарына қол соғады. Сондықтан, далалық сахана өнерінің бір қайнары осы жерде десек ақиқаттан көп алыс кетпейміз. Сондықтан, Қарқаралы өңіріндегі театр өнерінің тарихы өткен ғасырдың алғашқы ширегінен бастау алады деп сеніммен айтамыз. Бұл – ұлттық академиялық театрдың негізін қалаған Қаллеки, Жүсіпбек Елебеков, Шолпан Жандарбекова, Рахия Қойшыбаева, Хайбиба Елебекова, т.б. көптеген бірегей таланттарды берген киелі топырақ.

«Қарқаралы аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ жетінші жыл қатарынан «Театр – тәрбие бесігі» атауымен өнер айлығын өткізуде. Өңірдегі халық театрларының биылғы фестивалы сәуірдің бесінде Егіндібұлақ Мәдениет үйінде басталды. Мұның өзіндік себептері бар. Оның ең бастысы Егіндібұлақ театрының халықтық атағын қорғағанына 50 жыл толып отыр. Осыған орай, әңгіме болып отырған өнер ұжымына, жергілікті тұрғындардың ұсынысы бойынша, театрдың алғашқы режиссері, актері және көркемдік жетекшісі Шахмат Мағазовтың есімі берілді.

Театр айлығының ашылу салтанатына Қарқаралы ауданының әкімі Әділжан Арғынұлы арнайы келіп, байқауға қатысушы көркемөнерпаздарды, олардың ойынын қызықтаушы жұртты «Театр – тәрбие бесігі» фестивалының ашылуымен, Егіндібұлақ халық театрының құрметті атағын

қорғағанына жарты ғасыр толған мерейтойымен құттықтады. Жергілікті өнер тарланының есімі берілген театр ұжымын жаңа мәртебесін абыроймен алып жүруге тілек білдіріп, елге рухани шаттық

Балқантау баурайының өнерпаздары бұл байқауға драматург, театр һәм кино актері Әлімбек Оразбековтің «Бір түп алма ағашы» психологиялық драмасын әзірлеген екен. Өрине,



сыйлап жүрген актерлерге, театр режиссері мен суретшісіне Алғыс хаттар табыс етті. Балқантаудың баурайында өткен іс-шараға арнайы келген меймандар – облыстың Мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасына қарасты мәдениет және өнер бөлімінің басшысы Қадыр Төлеуқадырұлы Әшкеев, Мәдениет қайраткері және осы саланың

шығарма театр сүйер қауымға ширыққан мазмұнымен, кәсіби актерлердің ойынымен жақсы таныс. Ауылдың әуесқой өнерпаздары оны өзгеше шешімімен ұсына алыпты. Егіндібұлақ аулының халық театры жарты ғасырдан бері шалғайдағы өңірдің тұрғындарына және гастрольдік сапармен барған жерлерінің жұртына зор

Дәметкен ана бейнесін Шахман Мағазов атындағы Егіндібұлақ халық театрының ардагері Рысты Айтбақбаева сомдаса, оның үлкен ұлы Ерғалиды Қайролла Имекеев, кіші ұлы Мақсатты Арғын Имекеев, қызы Әлияны Гүлназ Үсенова, күйеу баласы Тұрсынды Қайыржан Тыштықов, екінші қызы Ләйләні Гәкку Қабыкенова, екінші күйеу баласы Зарқымбекті Еркінбек Қорабаев, көрші әйелдің ролін Гүлбаршын Қасымова ойнады. Шығарманы сахналаған, яғни қоюшы режиссер Қайролла Имекеев, қоюшы суретші Гүлназ Үсенова, музыкамен көркемдеуші Аслан Қабыкенов, жарық беруші Асылан Әбілханов, бейнеинженер Асхат Кәріпжанов, костюмдерін әзірлеген Гүлжанат Төлеуханова театрдың кәсіби мамандары болмаса да хас өнердің қыр-сырын біршама меңгергендерін байқатты.

Ауданның мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы, осы фестивальды өткізуге жауапты Қаламқас Төлеуханова биылғы фестивальдың ерекшелігі туралы былай дейді: – Қарқаралы ауданындағы халық театрлары айлығын 2018 жылдан бері «Театр – тәрбие бесігі» атауымен өткізіп келеміз. Биылғы іс-шара Қарқаралы қаласының 200 жылдығына арналды. Аудан

қайраткері Шерхан Мұртазаның «Ай мен Айша» хикаятының әнші, композитор Алтынбек Қоразбаевтың «Қара кемпір» толғауына интерпретацияланған «Ана зары» қойылымын ұсынды. «Ана зары» драмасы II ғаламдық қырғында ғаламат ерліктің үлгісін көрсеткен Кеңес Одағының Батыры, Қарқаралы қыраны Нұркен Әбдіровтің анасы Багила және Ахметбек Қосыбаевтың анасы Күлшім кейуаналардың рухына бағышталды. Мағнасыз соғыста қос ұлынан бірдей айырылған ананың мұңы мен зарына негізделген көркем дүниені Егіндібұлақ аулының көрермендері де, қазылар алқасы да толқыныспен тамашалады. Жекелеген зұлымдардың санасыз шешімдері салдарынан үкілеген үмітінен айрылып, жапанда жалғыз қалған ананың қайғы-қасіретті бейнесін әркім өз жүрегінің сүзгісінен өткізді. Мақат Рымжанов атындағы Абыз халық театры қойған драмада «Көккөмпір» атанған ана ролін Айнаш Түсіпова бейнелесе, ауыл баласын Нұрасыл Тұңғышбек, контузия алып оралған жаралы солдатты Қанат Алдыханов, Ахмет ақсақалды Руслан Нұрбай, Жуанқұлды Сағыныш Әлиев, Жуанқұлдың серіктерін Жарқын Оспанқұлов, Кәрімбай Әлімбаев, жолсерік Валяны (Уәлияны) Әсел Түсіпова, Зуәйда кемпірді Гүлмира Әбікенова, Көккөмпірдің шалы кейпіндегі солдаттың елесін Жарқын Оспанқұлов, бақташы шалды Руслан Нұрбай ойнады. Құрылымы ерекше бұл қойылымды Бану Мұқашева сахналаса, музыкамен әрлеген оператор Ерасыл Сәменов, лед экран операторы Гүлден Әділхан сынды әуесқой мамандар.

Тәттімбет ауылдық округының халық театры да көрермендеріне қырық жылдан бері қалтқысыз қызмет көрсетіп келе жатқан тәжірибелі ұжым. Десек те, театрдың қазіргі құрамы негізінен жастардан жинақталған екен. Ұжым 18 сәуірде драматург Жолтай Әлмашұлының «Тірі жан» пьесасын өнер сүйер қауым мен қазылардың талқысына салды. Шығарманың өне бойында өрілген трагедия, өткен ғасырдың соңындағы әлеуметтік-экономикалық тоқырау тұсында қоғамда орын алған сорақы әрекеттер – шет елдерге саудаланған сәбилер, төлккеме түскен тағдырлар көрінісі ешкімді бей-жай қалдырмады, көрермендер жүрегі қан жылады. Оның үстіне, Арқалық аулының өнерпаз қыз-жігіттері сахнадағы ауыр көріністерді шындыққа жақындатып, тамаша шеберлікпен орындады. Драмада Ұлмекен ролін Айнұр Камалова, Пазикті Асқар Бөкеев, Сұлу мұртты Манас Күзембаев, Эльтон мырзаны Еркінбек Қорабаев, қызметші қызды Балнұр Төкенова, баланы Хан Төлеген, даяшыны Перизат Әлімбек сомдады. Қойылымның режиссері Айнұр Камалова болса, суретшісі Төлеген Жексенов. Олар өздерінің жан-жақты талант иесі екенін көрсете алды.

Өңгімеге арқау болған ұжымның өнеріне риза болғандықтан, қойылым соңынан Қарқаралы ауданы ішкі саясат бөлімінің бас маманы Бауыржан Өлпейісов, Тәттімбет ауылдық округі әкімінің міндетін атқарушы Алмас Түсіпбаев, Мақат Рымжанов атындағы халық театрының режиссері Бану Мұқашева, Егіндібұлақ аулы әкімі аппаратының бас маманы Марат Қабиев театр ұжымына ризашылықтарын білдіріп, Алғыс хат табыс етті.

Сәуірдің соңғы бейсенбесінде Атығай Шанин атындағы Қарқаралы халық театрының әртістері Ғабит Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» трагедиясымен театр айлығының шымылдығын жапты. Сонымен бірге, «Театр – тәрбие бесігі» атты өнер айлығының қорытындысы шығарылды.

Өрине, көрермендер де, қазылар алқасы да Атығай Шанин атындағы Қарқаралы халық театрының қойылымын асыға күткені күмәнсіз. Келесі маусымда құрылғанына тоқсан жыл толатын өнер ұжымының тарихы ғана қатпарлы емес, атақ-мәртебесі де үлкен. Аймақта өткен талай доданың бас жүлдесін иеленген театр бұл жолы да көрермендер үмітін алдамады. «Театр – хас сұлудың көз жасындай мөлдір өнер» деп сөз зергерінің өзі айтқандай, А.Шанин атындағы ұжым Ғабит Мүсіреповтің классикалық туындысын өз деңгейінде сахналады. Қойылымға жиналған ел Болатхан Мәтелов (Қарабай), Еркебұлан Уалханов (Қозы Көрпеш), Жанерке Мұрат (Баян сұлу), Дәуіржан Қуаныш (Қодар), Арайлым Құснидтенова (Мақпал), Кәмшат Досжанова (Күнкей), Алдиярхан Кәрім (Жантық), Аида Өбілқасымова (Таңсық), Әлімжан Мәкенов (Айдар) сияқты өнерпаздар шығарған бейнелерге дән риза болып, дүркін-дүркін қол соқты. Көпшілік сахнада ойнаған Дидар Дүйсебаев, Кәусар

Амантай, Аяулым Өлімбаева, Мерейлі Қабдолла, Аружан Тұрғанова сынды талапкерлердің өзі сахнаға жап-жақсы төселіп қалғандарын көрсетті. Шығарманы сахналаған Арайлым Құснидтенова, қоюшы суретші Сәкен Дәулетбаев, музыкамен көркемдеуші Нұрсұлтан Қасымбек, жарық беруші Дарина Боранбаева, костюмдерін әзірлеген Айбала Қайырова, дизайнері Баян Ахметова өз істерінің көнігі шеберлері екенін тағы да бір дәлелдеді.

Атығай Шанин театрының қойылымы аяқталған соң «Театр – тәрбие бесігі» айлығының қорытындысы шығарылды. Оның барысында Қарқаралы аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы Нұрлыбек Ілдебаев фестивальға қатысушыларды айлықтың сәтті аяқталуымен құттықтап, төрт театрдың әрқайсына аудан әкімінің 200 мың теңгелік сертификатын табыс етті.

Көрермендер қатарынан құрылған «Халық театрының сыншылары» тобы шеберлігі мен қабілеті келіскен өнерпаздарды төмендегі номинация бойынша марапаттады:

1. Үздік режиссер – «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» драмасын сәтті жүзеге асырғаны үшін Арайлым Құснидтенова, Атығай Шанин атындағы Қарқаралы халық театрының режиссері (атап өтетін жағдай, өңірде режиссер қыздардың қатары көбейіп келеді. Егіндібұлақ театрынан басқа өнер ұжымдарының қоюшы-режиссерлары тегі «а» әрпімен аяқталатын нәзік жандар);

2. Үздік суретші-бездендіруші – Арқалық (Тәттімбет ауылдық округі) халық театрының суретшісі;

3. Үздік ер адам бейнесі – «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» драмасындағы Қарабай ролі үшін Болатхан Мәтеловке, Атығай Шанин атындағы Қарқаралы халық театрының мүшесі;

4. Үздік әйел бейнесі үшін – «Ана зары» қойылымындағы Көккөмпір

ролі үшін Айнаш Түсіповаға, Мақат Рымжанов атындағы Абыз халық театрының мүшесі;

5. «Жылдың жаңа есімі» аталымы бойынша – «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» драмасындағы Баян ролі үшін Жанерке Мұратқа, Атығай Шанин атындағы Қарқаралы халық театрының мүшесі;

6. «Үздік эпизодтық роль» аталымы үшін – «Бір түп алма ағашы» қойылымындағы Мақсат ролі үшін Арғын Имекеевке, Шахман Мағазов атындағы Егіндібұлақ халық театрының мүшесі;

7. «Екінші пландағы ер адам бейнесі» аталымы бойынша – «Ана зары» қойылымындағы Жуанқұл ролі үшін Сағыныш Әлиевке, Мақат Рымжанов атындағы Абыз халық театрының мүшесі;

8. «Екінші пландағы әйел



бейнесі» аталымы бойынша – «Бір түп алма ағашы» қойылымындағы Әлия ролі үшін Гүлназ Үсеноваға, Шахман Мағазов атындағы Егіндібұлақ халық театрының мүшесі.

«Қарқаралы ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ-нің басшысы Жазира Қапышқызы «Театр – тәрбие бесігі» айлығында өздеріне тапсырылған рольді жоғары деңгейде көрсеткен бір топ жас өнерпазға Алғыс хат пен сыйлықтар табыс етті. Марапатталғандардың қатарында Арқалық (Тәттімбет ауылдық округі) халық театры сахналаған «Тірі жан» драмасының ең жас әртісі Хан Төлеген, Мақат Рымжанов атындағы Абыз халық театры қойған «Ана зарындағы» жас өнерпаз, Қарағайлы кентіндегі №16 ОМ оқушысы Нұрасыл Тұңғышбек, Атығай Шанин атындағы Қарқаралы халық театрының «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» трагедиясындағы тырнақалды рольдері үшін М.Бәліұлы атындағы

№44 ОМ оқушысы Мерейлі Қабдолла, О.Жәуітіков атындағы №1 ОМ оқушысы Кәусар Амантай, Ө.Ермеков атындағы №2 ОМ оқушылары Аяулым Өлімбаева, Аружан Тұрғанова, Батырхан Береке, Арман Шырақбай, Алдияр Құрымбек бар. Осынау балғын жастардың өнерге құштарлығын, өзгелерге рухани ләззат сыйлауға ұмтылыстабын көргенде «Театр – тәрбие бесігі» айлығы өз мақсатына жетті деуге толық негіз бар. Ұлтымыздың бағына талай тарлан тұлғаны берген қасиетті топырақтың киесі өскелең жастың бойына даритынына, халық театрларына есімдері берілген аңыз адамдардың рухы ұрпақтарын қолдайтынына көрермендер көзі жетті.

Қарқаралыдағы «Театр айлығы – 2025» биылғыдан да қызықты, тартысты болатынына сенгіміз келеді.

Е.ОРАЗБАЙ



**(Жалғасы. Басы өткен сандарда)**

Қарқаралы өңірінде жасаған, әкесі Құнанбаймен тұстас Алшынбай мен Баймұрын, Шорманның Мұсасы сияқты дала шешендері Абайдың тұлғалық қалыптасуына, дүниетанымына зор ықпал жасағаны күмәнсіз. Мұны ұлттың ұлы рухани қазынасы «Абай жолы» эпопеясында Мұхтар Әуезов бірде ашық, бірде астарлап жеткізеді.

Қарқаралы қаласының экономикалық дамуына, бірте-бірте мәдени және рухани орталық болып қалыптасуына Талды өзенінің Қарасор көліне құятын сағасында 1848 жылы ашылған Қоянды жәрмеңкесі зор ықпал етті. Жоғарыда айтқанымыздай, әуелде Ялуторск көлесі В.Ботовтың Еуропада шығарылған өнеркәсіп бұйымдарын жергілікті халықтың малы мен мал өнімдеріне айыр-бастап сауда жасауынан басталған жәрмеңке бірте-бірте қанатын кеңге жайып, 1890 жылы 247 дүкен мен 1000 киіз үйде сауда жасалды. 1889 жылы телеграф тартылып, 1894 жылы банк бөлімшесі ашылды. 1900 жылы сауда нүктелері 55 шаршы шақырым жерді алып жатқан екен. Жәрмеңке қазақ даласының алғашқы сауда элитасын қалыптастырды. Жәрмеңкедегі негізгі сауда — төрт түлік мал, оның ішінде қой малы еді. Жергілікті мал мен мал өнімдеріне батыс Қытай, Моңғолия, Үндістан, Батыс Сібір, орталық Ресей саудагерлері өздерінің бұйымдарын айыр-басқа салды. Ресейдің қаржы министрлігі Қоянды жәрмеңкесінде Мемлекеттік банк бөлімшесінің ғимаратын салдырды. Сауда қатарларының аяқ жағында шеуніктер орны деп аталатын орам орналасты. Онда Қарқаралы уезі бастығының, бітістіруші судьяның, мал дәрігерлері мен адам дәрігерлерінің, полицияның кеңселері орналасты.

Жәрмеңке тек сауда-саттық ісінде ғана емес, көршілес елдермен тұрақты экономикалық байланыс жасауда, халықтың өнері мен мәдениетін дамытуда аса маңызды орын алды. Мұнда Тәттімбет пен Абай бірнеше рет болды. Біржан сал, Ақан сері, Жаяу Мұса, Иманжүсіп, Мәди, Балуншолақ, Майра Уәлиқызы, Қажымұқан, Иса, Ғаббас, Әміре мен Қали өнер көрсетті. Сөйтіп, бұл жер қалың қазақ қауымының бас қосатын, халық өнерін насихаттаудың орталығы болды. Өнер тарландары өзіндік жерден ғана жиналмай, әншілер, палуандар, цирк әртістері Қытай, Ресей, Жапониядан да келген.

Ең бастысы, Қоянды жәрмеңкесі сол кездегі қазақ ұлтының әлеуметтік-саяси өміріне үлкен ықпалын тигізді. Ол XX ғасырдың басында Қазақстандағы ұлт-азаттық күрестің ұйтқысы болды. Алаш қайраткерлері ұйымдастырған «Қарқаралы петициясы» осы Қоянды жәрмеңкесінде жазылды. 1905 жылы Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Ақбайдың Жақыбы басшылығымен қазақ ұлтының азаттығына бағытталған саяси-әлеуметтік талаптар қойылған петицияға Қояндыда 14500 адам қол қойып, патша өкіметіне жолдады. Қарқаралы петициясында жергілікті халықтың құқығын, ар-ожданын аяқасты етуге жол бермеу, патша өкімдерінің жүгенсіздігіне тыйым салу, халықтың ана тілінде білім алуын ұйымдастыру, орыстарды қоныстандыруды тоқтату, тартып алынған жерлерді қазақтарға қайтару сияқты ұлт үшін маңызды талаптар қойылды. Сөйтіп, Қарқаралы

— Алаш қозғалысының алтын бесігіне айналды.

Алашорда кесемі Әлихан, Ақбайдың Жақыбы мен Әлімхан Ермековтер Қарқаралы уезінің, яғни осы қасиетті топырақтың тумасы, ұлт қайраткерлері. Жасынан зерек, алғыр Әлихан Бөкейхан Қарқаралыдағы үш сыныпты бастауыш мектепке, одан кейін соң қазақ балаларына арналған жеті жылдық мектепте оқып, 1886 жылы Омбыдағы

зақ автономиясының шекарасын қалыптастыруы. 1920 жылы 17 тамызда Ленин төрағалығымен өтіп, қазақ өкілдері қатысқан Халық комиссарлары кеңесінде Қазақ автономиясы туралы мәселе қаралғанда, Қазақстан жағдайы туралы Әлімхан баяндама жасап, өктемшіл, озбыр, отаршылдық пиғылдағы өкілдермен қызу айтыста Қазақстанның шекарасын бұлтартпас дәлелдермен қорғап шықты.

өндері мен күйлерін зерттеуге арнаған поляк жұртының даңқты перзенті Александр Затаевич Қазақстан Халық Комиссарлары Кеңесінің төрағасы Нығмет Нұрмақовтың шақыруымен Қарқаралы өңіріне келген сапары барысында 154 ән жазып алған екен. Ол осы жердің өгілігі үш әншісі Ғаббас Айтбаев, Әміре Қашаубаев және Қали Байжановтың орындаушылық шеберлігін тамсана баяндайды. Сырласы, француз жазушысы



**ҚАРҚАРАЛЫ**  
тарих толықтығында

## Арқаның алтын алқасы



4 жылдық техникалық училищені тәмамдап, кейін Санкт-Петербургтегі Орман шаруашылығы институтының экономика факультетінде білім алды. Дәл сол студенттік шақта сан алуан қозғалыстарға белсенді түрде араласқан Әлекең жандармерияның назарына ілікті, «саяси сенімсіздердің» қара тізіміне енді. Яғни, саяси жұмысқа ол үлкен өзіндікпен келді. Ақбайдың Жақыбы Қарқаралыдағы қазақ интернатын 1886 жылы бітіріп, одан кейін Омбы, Томск гимназияларында оқып, 1898 жылы Санкт-Петербург университетінің заң факультетіне түседі. Оны 1903 жылы 1-дәрежелі дипломмен бітіріп шыққан екен. Яғни, «Қарқаралы құзырхаты» жазылған кезде ол жоғары білімді маман. Қарқаралыдан шыққан үштіктің ең кішісі Әлімхан Ермеков Қарқаралыдағы қалалық училищені үздік бітіріп, 1905 жылы Семейдегі ерлер гимназиясына түседі. Оны 1912 жылы алтын медальмен бітіріп, Томск технология институтының тау-кен факультетіне қабылданады. Ол жан-жақты білімді болған адам. Әлімхан өз қолымен толтырған анкеталарда ағылшын, неміс, француз, итальян тілдерін білетінін көрсеткен. Ә.Ермековтің тарихи зор еңбегі — Қа-

Торғай топырағының түлегі Ахмет Байтұрсынұлы Қарқаралыда қазақ-орыс мектебінің оқытушысы, қалалық училищенің меңгерушісі қызметін атқарды. Қаладан қозы көш жердегі Ақтерек аулындағы мектепті ұлт ұстазы салдырып, өзі мұғалім болған дүр.

Орыс жазушысы һәм саяхатшы Михаил Пришвин 1909 жылы Семейден Қарқаралыға келген сапарында Ку болысын бірнеше жыл басқарған бай, жаңа тұрмыстың жаршысы, меценат Қасен Ақайұлының аулында мейман болғанын бейнелі суреттермен кестелейді. Байдың үйі 40 бие сауатынын, бір отырғанда 20 литр қымыз ішілетінін, күніне екі мал сойылатынын, өзіне «құлағың жақсы естісің!» деген тілекпен құлақ бергенін әсерлі жазады. Қымызды Қасеннің өзі сапырып, ағаш тостағандарға құйып береді екен. «Қара араб» деген очеркінде қазақтардың аспан денелері Шолпан, Есекқырған, Темірқазық, Жетіқарақшы, Үркер туралы аңыздарын, болжамдары мен ырымдарын әңгімелеп, олардың көпшілігі дала тұрғындарының ұзақ жылғы тәжірибесінің жемісі екенін айтады.

Саналы ғұмырының ең жемісті бөлігін қазақ халқының музыкалық мұрасын —

Ромен Ролланға жазған хатында А.Затаевич қазақ өнінен алған әсерімен: «Даланың өсемдігін, өсіресе атақты Қарқаралы даласының сұлулығын мен өзімнің нашар французшаммен сізге жеткізуге батылым бармай отыр», — деп тебіренеді.

«Есіл Қарқаралы» деген еңбегінде қаладағы кейбір күйі адамдардың күйбең тірлігіне реніш білдірсе де, ұлт классиктерінің бастауында тұрған тұлғалардың бірегейі Мұхтар Әуезов Қарқаралыға, ондағы өрелі өзгерістерге немқұрайды қарамағаны белгілі. Абайдың өмірі, оның тағдыры қалыптасуына ықпал еткен тұлғалар туралы деректер жинап, Қазақстан автономиясының бір жылдық мерекесін ұйымдастыру мақсатымен келген сапарлары оны уақыт өте келе үлкен толғаныстарға, кесек бейнелер жасауға ұмтылдырғаны анық.

Қарқаралының қасиетті жері барлық саналы ғұмырын қазақ ұлтының мұраты үшін арнаған талай бірегей тұлғалардың болашақ қадамдарына серпін берді. XX ғасырдың бірегейі тұлғалары — Қазақстан Ғылым академиясының президенті Ш.Шекин, академиктер О.Жәутиков, Ә.Сағынов, академияның мүше-

корреспонденті А.Машанов білім мен ғылымға алғашқы қадамдарын осы қалада бастаса, құнарлы топырақтың талантты перзенттері А.Рақышев, Б.Алдақұманов, Т.Сейсембеков, С.Әдеков, Қ.Жұмашев, Р.Жұмашев, т.б. аға ұрпақтың ізденісті жолын сәтті жалғастырып келеді.

Осыдан ғасырдан астам уақыт бұрын өршіл рухты Мәди атамыз:

— Атыңнан айналайын, Қарқаралы, Сенен — бұлт, менен — қайғы тарқамады.

Сайыңнан сайғақ құрлы сая таппай, Мен бір жан құғын көрген Арқадағы — деп тебіренсе, Сарыарқаның салқар жонындағы осынау шұратты бұрын-соңды көрген ақын атаулының оны жырға қоспағаны кем де кем. Найзағай ақын Қасым Аманжолов:

— Уа, дариға, алтын бесік — туған жер, Қадірінді келсем білмей, кеше гөр.

Жата алмас ем топырағында тебіренбей,

Ақын болмай, тасың болсам мен егер, — деп жарқылдаған екен. Қазір есімі көп атала бермейтін Қапан Сатыбалдин:

— Қарқаралы — туған жерім, Өзіме ыстық думан бөлім, — деп егіліпті. Құтты мекенде қазақ балалар әдебиетінің классигі Сапарғали Бегалин еңбек етсе, алыптар шоғырының өкілі Әлжаппар Әбішев, ақын Жаппар Әмірбеков, қажырлы қаламгер Сапарғали Ләмбеков, басқа да көптеген қаламгерлер туып-өсіп, шығармаларына арқау етті осы топырақты.

Осы жерді ұдайы аңсап келетін ақын Сырбай Мәуленов:

— Қарқаралы, сен маған жолықтың, Өлеңі болып Қасым Аманжоловтың. Таң жүзі болып,

Ән құзы болып Мәдидің Қанды ізі болып кек ала жорықтың. Қарасам саған қашанғым

еске түскендей, Қаба сақалды тауларың

ескерткіштердей, Қарағайларың қапсағай бойлы

Қазыбектердей, Самал желдерің сандық тастарға

жырларын жазып өткендей. Күн шалған шыңдар күмбезді

киіз үйлердей,

Толқыған көлдер Тәттімбет тартқан күйлердей, — дейді ақтарылып. Осы шынарлардың ізін қазіргі таңда қазақ әдебиетінің ақсақалы болып қалған Серік Ақсұңқарұлы бастаған топты өмірден ерте өткен Тұрсын Жұмаш, қазір өндірте жазып жүрген Руслан Нұрбай, Қуаныш Медеубаев, Қайрат Асқаров, Жанат Жаңқашұлы, тағы басқа да жас берендер жалғастыруда.

**Ермек БАЛТАШҰЛЫ**  
(жалғасы бар)

### Заң және қоғам

**Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-ші бабына сәйкес, мемлекетіміз өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы-адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары.**

Жол-көлік оқиғасы — көлік құралының жол бойындағы қозғалысы барысында және оның қатысуымен адамдар қаза тауып не жарақатталған, көлік құралдары, ғимараттарға, жүктерге не болмаса басқа материалдық нұсқан келтірген оқиға.

Жол жүрісіне қатысушы — көлік жүргізушісі, жаяу жүргінші, көлік құралдарының жолаушысы, т.б. ретінде жол жүрісіне тікелей қатысқан адам.

Қарқаралы ауданының көлемінде жол-көлік оқиғалары мен соның салдарына болатын өлім мен жарақат фактілері азаймай отыр. Жол қозғалыс оқиғасы өздігінен туындамайды. Ол қозғалыс ережелерінің қандай бір талаптарын сақтамағандықтан болады.

Соңғы жылдары өзектілігін жоғалтпаған өзекжарды мәселеге Президентте ерекше көңіл бөліп, заң бұзушыларды оның ішінде мас күйінде автокөлік жүргізгендерді қатаң жазалау керектігін тапсырған еді.

Жол сақшылары көлік тізіндегендерді тәртіпке шақырғанымен, нәтиже аз сияқты. Ауданымызда жол-оқиғаларының көп тіркелетіні алаңдатады. Адамдар қаза тауып, жарақаттанып жатыр.

Оқиғалардың басым көп бөлігі негізінен жүргізушілердің жол жүрісі қағидаларын сақтамаудың, олардың заңға мойынсынушылық мінез-құлқытарының

## Жол-көлік оқиғалары – қоғам өміріне қауіп төндіруде



қалыптаспауының, зейінсіз болуының, ішімдік ішіп жолға шығу және жаяу жүргіншілердің рұқсат етілмеген жерден өтуі, ауа райының қолайсыздығы кезінде жол жабындысының дұрыс болмауының және автомобиль жолдарына малдың шығып кетуі салдарынан орын алған.

Ауданымызда 2023 жылдың қорытындысы бойынша 8 қылмыс орын алса, ағымдағы жылдың 1 тоқсанында ғана 3

қылмыс орын алғаны мәлім.

28.03.2023ж. шамамен 13:30 сағатта азамат М.М.Ш. орташа дәрежедегі мас күйінде тіркеусіз «YAQI HAMMER YQ200» маркалы мотоциклді мототолемсіз жүргізіп, мотоциклдің басқаруына ие бола алмай құлап, алған дене жарақаттарының нәтижесінде қайтыс болған.

Жол ережесі талаптарын сақтамағанын, қорғаныс құрылғыларын кимегенін

және алкогольдік өнімдерін ішкенін нәтижесінде осындай апатқа ұшыраған.

Сонымен қатар, ауданымызда ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің көліктегі, жол шаруашылығындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы орын алған оқиғалар 2023 жылдың 1 тоқсанында 517 деректер орын алса, ағымдағы жылдың 1 тоқсанында 751 деректер орын алған, яғни 45% өскен.

02.02.2024ж. сағат шамамен 07:00 кезінде азамат Б.С.Т. жүргізуші куәлігінің жарамдылығы жарты жыл бұрын өтіп кеткеніне қарамастан, өзіне таныс азамат С.Б.А.-ға тиесілі жеңіл автокөлігін, алайда соңғының рұқсатынсыз орташа дәрежелі алкогольдік өнімін ішкен күйінде басқарып кеткен.

05.02.2024ж. аудандық соттың қаулысымен азамат Б.С.Т. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 608-бабының 6-бөлігімен (Жүргізушінің көлік құралын алкогольдік, есірткілік және (немесе) уытқұмарлық масаң күйде басқаруы, сол сияқты көлік құралын алкогольдік, есірткілік және (немесе) уытқұмарлық масаң күйдегі адамның басқаруына беру) кінәлі деп танылып 20 тәулікке әкімшілік қамаққа алынған.

Бұған қарамастан, 13.03.2024ж. аудан прокуратурасы азамат Б.С.Т.-ға қатысты Қылмыстық кодекстің 200-бабының

1-бөлігімен (Автомобильді немесе өзге де көлік құралын жымқыру мақсатынсыз құқыққа сыйымсыз иеленіп алу) сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастады, тергеу нәтижесінде қылмыстық іс жәбірленушінің татуласымен тоқтатылып азамат Б.С.Т. қылмыстық жауаптылықтан босатылған.

Көрсетілген деректердің барлығы, яғни бір азаматтың бір мезгілде екі жауапкершілікке тартылуы алкогольдік өнімдерді ішкенін нәтижесінде орын алған.

Автокөлік жолдарындағы жол-көлік оқиғаларының сақтық шаралары ретінде төмендегіні білген жөн:

Біріншіден, жылдамдықты шегінен асырмау. Орташа жылдамдықтың асырылуы жол-көлік оқиғасы болу ықтималдылығы мен оның салдарының ауыр-пашылығына да тікелей әсер етеді.

Екіншіден, алкогольдік ішімдіктер мен психоактивті заттарды пайдаланған күйде көлік жүргізбеу, яғни алкогольдік ішімдіктер мен психоактивті заттар, нашақорлық препараттарының әсерімен көлік жүргізгенде өлім мен ауыр жарақатқа әкелетін көлік оқиғасының ықтималдылығы әлдеқайда артады.

Үшіншіден, смартфондар мен басқа да құрылғыларға көңіл бөлмеу, көлікті жүргізуге кедергі келтіретін, жүргізушінің назарын бұратын факторларға жол бермеу қажет.

Жол саласына қатысты әр деректің артында адам тағдыры тұрғанын ұмытпайық. Сондықтан, барлық жүргізушілерді жолда мұқият болып, жылдамдықты асырмай, жол ережелерін қатаң сақтауға шақырамыз.

**Ернұр МЕЙРАМОВ,**  
Қарқаралы ауданы  
прокурорының орынбасары

**ТОО «Казэнергоцентр» уведомляет своих потребителей об изменении с 1 мая 2024 года цен на электроснабжение по группам потребителей:**

Обслуживаемая территория	Цены на электроснабжение за 1 кВт*ч, тенге							
	Потребители использующие электрическую энергию для бытовых нужд		Потребители использующие электрическую энергию не для бытовых нужд		Юридические лица, финансируемые из государственного бюджета		Юридические организации, производящие социально значимые продовольственные товары	
	без НДС	с НДС	без НДС	с НДС	без НДС	с НДС	без НДС	с НДС
г.Каркаралинск	17,60	19,71	28,51	31,93	73,59	82,42	26,11	29,24

**Дифференцированные тарифы на электрическую энергию в зависимости от объемов ее потребления физическими лицами:**

**1. Трехуровневые тарифы для потребителей, использующих электрические плиты**

Обслуживаемая территория	Цены на электроснабжение за 1 кВт*ч, тенге					
	Тарифы первого уровня до 100 кВт*ч		Тарифы второго уровня от 101 до 180 кВт*ч		Тарифы третьего уровня свыше 180 кВт*ч	
	без НДС	с НДС	без НДС	с НДС	без НДС	с НДС
г.Каркаралинск	15,97	17,89	21,12	23,65	26,40	29,57

**2. Трехуровневые тарифы для одиноко проживающих пенсионеров по возрасту, инвалидов, участников Великой Отечественной войны и приравненных к ним лицам, использующих электрические плиты**

Обслуживаемая территория	Цены на электроснабжение за 1 кВт*ч, тенге					
	Тарифы первого уровня до 120 кВт*ч		Тарифы второго уровня от 121 до 180 кВт*ч		Тарифы третьего уровня свыше 180 кВт*ч	
	без НДС	с НДС	без НДС	с НДС	без НДС	с НДС
г.Каркаралинск	15,97	17,89	21,12	23,65	26,40	29,57

**«Казэнергоцентр» ЖШС өз тұтынушыларын 2024 жылғы 1 мамырдан бастап тұтынушылар топтары бойынша электрмен жабдықтау бағасының өзгергені туралы хабардар етеді:**

Қызмет ететін аумақ	1 кВт * сағ электрмен жабдықтау бағасы, тенге							
	Электр энергиясын тұрмыстық қажеттіліктерге пайдаланатын тұтынушылар		Электр энергиясын тұрмыстық қажеттілікке емес пайдаланатын тұтынушылар		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын заңды тұлғалар		Заңды ұйымдастыру, Әлеуметтік маңызы бар тауарларын шығаратын заңды тұлғалар	
	ҚҚС-сыз	ҚҚС қосылған	ҚҚС-сыз	ҚҚС қосылған	ҚҚС-сыз	ҚҚС қосылған	ҚҚС-сыз	ҚҚС қосылған
Каркаралы ауданы	17,60	19,71	28,51	31,93	73,59	82,42	26,11	29,24

**Электр энергиясын жеке тұлғалардың тұтыну көлеміне қарай оның сараланған тарифтері:**

**1. Электр плиталарын пайдаланатын тұтынушылар үшін үш деңгейлі тарифтер**

Қызмет ететін аумақ	1 кВт * сағ үшін электрмен жабдықтау бағасы, тенге			
	Бірінші деңгейдегі тарифтер 100 кВт*сағ дейін		Екінші деңгейдегі тарифтер 101-ден 180 кВт*сағ дейін	
	ҚҚС-сыз	ҚҚС қосылған	ҚҚС-сыз	ҚҚС қосылған
Каркаралы ауданы	15,97	17,89	21,12	23,65

**2. Электр плиталарын пайдаланатын жасы бойынша жалғыз тұратын зейнеткерлер, мүгедектер, Ұлы Отан соғысына қатысушылар және оларға теңестірілген адамдар үшін үш деңгейлі тарифтер**

Қызмет ететін аумақ	1 кВт * сағ үшін электрмен жабдықтау бағасы, тенге					
	Бірінші деңгейдегі тарифтер 120 кВт*сағ дейін		Екінші деңгейдегі тарифтер 121-ден 180 кВт*сағ дейін		Үшінші деңгейдегі тарифтер 180 кВт*сағ жоғары	
	ҚҚС-сыз	ҚҚС қосылған	ҚҚС-сыз	ҚҚС қосылған	ҚҚС-сыз	ҚҚС қосылған
Каркаралы ауданы	15,97	17,89	21,12	23,65	26,40	29,57

**Өзіңізді қорғаңыз!**

# Еуропалық иммундау апталығы

**Қарқаралы ауданында 2024 жылғы 21-27 сәуір аралығында Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының бастамасымен «Вакциналар: өткен, қазіргі және болашақ ұрпақ үшін денсаулықты қорғау» ұранымен Еуропалық иммундау апталығы өтуде.**

2024 жылғы Еуропалық иммундау апталығының мақсаты – әр адам үшін ұзақ және салауатты өмір сүруге ықпал ететін вакциналарға тең және кең қол жетімділіктің маңыздылығын атап өту. Бұл науқан халықтың жұқпалы аурулардың вакцинопрофилактикасына оң көзқарасын қалыптастыруға, вакцинациядан бас тарту мәселесіне назар аударуға, адамдардың денсаулығы мен әл-ауқатын сақтау, өмір сүру ұзақтығын арттыру үшін иммундаудың маңыздылығы туралы халықтың хабардарлық деңгейін арттыруға бағытталған.

Иммундау жыл сайын миллиондаған адамдардың өмірін сақтап қалады және бұл жағдайды сақтап қалу қажет. Вакцинамен басқарылатын инфекциялардың өршуінің айтарлықтай төмендеуі көптеген жұқпалы ауруларды сирек кездесетін жағдайға айналдырды. Дегенмен, вакцинамен басқарылатын инфекциялар өлі де мүгедектік пен өлімнің себебі болып табылады. Еуропалық иммундау апталығы әр баланы иммундау жұқпалы аурулардың алдын алу және өмір сүру ұзақтығы үшін маңызды деген негізгі идеяны насихаттауға ықпал етеді. Қазақстан Республикасында халықты ететін жұқпалы ауруларға қарсы




егетін екпелерді егудің бекітілген күнтізбесі және тізбесі бар. Біздің елімізде вакцинация 60 жыл бойы сәтті жүргізіліп келеді және ол ең алдымен балаларға әсер еткен асқынулармен, өлім жағдайларымен ауыр өтетін ауруларға қарсы бағытталған. Иммундау халықтың барлық топтары үшін қолжетімді және тегін. Вакцинация – балалар мен барша тұрғындарды бірқатар инфекциялардан

қорғаудың ең сенімді әдісі. Құрметті ата-аналар! Балаңыздың денсаулығы сіздің қолыңызда! Балаңызға екпені уақытылы алуға және еліміздің дені сау азаматы болып өсу өз қолдарыңызда! **Д.СҮЛЕЙМЕН, Қарқаралы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бөлім басшысы**

**Құттықтаймыз!**

Қарқаралы қаласының тұрғыны, **Аринов Мейрам Төкенұлы**н 1 мамырда 63 жасқа толатын мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Жүйрік уақыттың ұшқыр қанаты Сізді мағыналы ғұмырыңыздың биік бір белесі – 63 жасқа алып жетті. Адам баласының ұзақ өміріндегі бел-белестердің бәрі де елеулі саналса керек. Сөйтсе-дағы пайғамбар жастың орны мүлдем ерекше екені баршаға мәлім. Міне, ортамызда аман-есен алтыншы асқардың шыңына қол созып отырсыз.



Әрбір адамның өзіне тән ғұмыр жолы, тіршілік баяны бар. Еткен еңбек, көрген бейнет, татқан зейнет, алған асу, жеткен биік әркімнің өмірінде әрқилы. Өзінің өнегелі өмір соқпағында сыйластық пен достықтың ұлағатын ұлықтап, үлкенге құрмет, кішіге ізет болар ұлттық дәстүрлерді үкілеп келе жатқан Сіздің саналы ғұмыр жолыңызды жастарға үлгі етіп, мақтан тұтамыз. Сіз өнегелі өмір сүріп, бақыттың бағында ұл-қыздарыңыздың қызығы мен қуанышына, немере, жиендеріңіздің сүйіспеншілігіне бөленіп, ағайын-туыс ортасындағы алтын көпірдей қадірлі қалпыңызды сақтап келесіз.

Қуанышпен құттықтаймыз. Әрбір белес, әрбір асу, ол – біріз, Қашанда да жақсылыққа сендіңіз. Сізді мерейтойыңызбен құттықтай отырып, Өзіңізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, жаңа шығармашылық табыстар, отбасыңызға амандық тілейміз! Сізге әрдайым мықты денсаулық, еңбегіңізге толағай табыс тілейміз. Әр күніңіз шуақты, денсаулығыңыз қуатты болсын!

Тілек білдірушілер: **апасы, бауырлары, қарындастары туған туыстары.**

**Хабарландыру**

«Алтай полиметаллы» ЖШС, ҚР Экологиялық кодексінің 96 бабына сәйкес 2024 жылғы 3 маусымда сағат 10:00-де, Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Шарықты а.о., Теректі а. Абай к-сі ғимарат 12 мекенжайлары бойынша «Қоршаған ортаны қорғау бөлімі «Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Шарықты а. о., Теректі а. мекенжайы бойынша орналасқан «Алтай полиметаллы» ЖШС вахталық кентіне арналған буландырылған су бұрартын биологиялық тазарту кешенін салу» жұмыс жобасына, ШРЕТЖ, ҚББ, ТҚШЖ, ӨЭБ» бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды.

Жобаның құжаттама пакетімен Бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ ЖАО «<https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat/activities/5159?lang=ru>» сайтында танысуға болады.

